- Егер Epson Scan бағдарламасын Windows Server 2012, Server 2008 немесе Server 2003 жүйесінде орнату керек болса, алдымен Desktop Experience (Жұмыс үстелі мүмкіндіктері) бағдарламасын орнату керек.
- Epson Scan қатысты қосымша мәлімет алу үшін Анықтама бөлімін қараңыз.

1 Түпнұсқаларды салыңыз.
➔ [“Түпнұсқаларды салу” бетте 46](#)

2 Epson Scan қызметін іске қосыңыз.
➔ [“Epson Scan драйверін іске қосу” бетте 84](#)

Сканерлеу

- 3 Mode (Режим) тізімінен **Professional Mode (Кәсіби режим)** жолағын таңдаңыз.



- 4 Document Source (Құжат көзі) параметрін таңдаңыз.

- 5 Auto Exposure Type (Автоэкспозиция түрі) параметрі ретінде **Photo (Фотосурет)** немесе **Document (Құжат)** таңдаңыз.


- 6 Image Type (Кескін түрі) параметрін таңдаңыз.

Сканерлеу

- 7 Resolution (Ажыратымдылық) параметрі ретінде түпнұсқаларға арналған тиісті ажыратымдылықты таңдаңыз.
- 8 Кескіндерді алдын ала қарау үшін **Preview (Қарап алу)** пәрменін таңдаңыз. Preview (Қарап алу) терезесі ашылып, суретті (терді) көрсетеді.
➔ "Сканерлеу аймағын алдын ала қарау және өзгерту" бетте 82

Құжатты автоберу құрылғысын (ADF) пайдалануға арналған ескерту:

- Құжатты автоберу құрылғысы құжаттың бірінші бетін салып, сосын Epson Scan оны алдын ала сканерлеп және Preview (Қарап алу) терезесінде көрсетеді. Құжатты автоберу құрылғысы сосын бірінші бетті шығарады. Құжаттың бірінші бетін беттің қалған жерінде жоғары жаққа орнатып, сосын толық құжатты құжатты автоберу құрылғысына салады.
- Құжатты автоберу құрылғысы шығарған құжаттың беті әлі сканерленбеген. Толық құжатты құжатты автоберу құрылғысына қайта салыңыз.



- 9 Қажет болса, Target Size (Мақсатты өлшем) параметрі ретінде сканерленген суреттердің өлшемін таңдаңыз. Суреттерді өздерінің бастапқы өлшемінде сканерлеуге немесе Target Size (Мақсатты өлшем) пәрменін таңдап олардың өлшемін кішірейтуге немесе үлкейтуге болады.
- 10 Қажет болса сурет сапасын реттеңіз.
➔ "Кескінді реттеу мүмкіндіктері" бетте 79
- 11 **Scan (Сканерлеу)** түймешігін басыңыз.
- 12 File Save Settings (Файл параметрлерін сақтау) терезесінде Type (Түрі) параметрін таңдаңыз, содан соң **OK (ОК)** түймешігін басыңыз.

Ескертпе:

- Show this dialog box before next scan (Келесі сканерлеуден бұрын осы диалогтық терезені көрсету)** ұяшығында белгі қойылған болса, Epson Scan қызметі File Save Settings (Файл параметрлерін сақтау) терезесін көрсетпестен бірден сканерлеуді бастайды.
- Құпия сөзбен қорғалған PDF файлын жасауға болады. PDF Plug-in Settings (PDF плагинінің параметрлері) тармағында Security (Қауіпсіздік) қойындысын таңдаңыз. Epson Scan қатысты қосымша мәлімет алу үшін Анықтама бөлімін қараңыз.






Сканерленген сурет сақталады.

Кескінді реттеу мүмкіндіктері
















Epson Scan түсті, анықтықты, контрастты және сурет сапасына әсер ететін өзге аспектілерді жақсартуға арналған әртүрлі параметрлерді ұсынады.

Сканерлеу



Erson Scan қатысты қосымша мәлімет алу үшін Анықтама бөлімін қараңыз.

<p>Histogram Adjustment (Гистограмманы реттеу)</p>	<p>Жарық аумақ, көлеңке және гамма деңгейлерін бөлек өзгертуге арналған графикалық интерфейсін ұсынады.</p> 
<p>Tone Correction (Реңкті түзету)</p>	<p>Реңк деңгейлерін бөлек өзгертуге арналған графикалық интерфейсін ұсынады.</p> 
<p>Image Adjustment (Кескінді реттеу)</p>	<p>Суреттегі жарықтықты және контрасты және қызыл, жасыл және көк түстердің балансын өзгертеді.</p> 
<p>Color Palette (Түстер палитрасы)</p>	<p>Суреттің жарық аумағы мен көлеңкелі аумақтарына әсер етпестен тері реңктері сияқты орташа реңкті деңгейлерді өзгертуге арналған графикалық интерфейсін ұсынады.</p> 
<p>Unsharp Mask (Бұлыңғырлау маскасы)</p>	<p>Жалпы анығырақ суретке қол жеткізу үшін сурет аумақтарының шеттерін анық етеді.</p> 

Сканерлеу

<p>Descreening (Растрды алу)</p>	<p>Тері реңктері сияқты сәл ғана көлеңкеленген сурет аумақтарында пайда болуы мүмкін қабыршақты үлгілерді (муарé ретінде белгілі) кетіреді.</p>   
<p>Color Restoration (Түстерді қалпына келтіру)</p>	<p>Түсі оңалған фотосуреттердің түстерін автоматты түрде қалпына келтіреді.</p>   
<p>Backlight Correction (Артқы жарықты түзету)</p>	<p>Шамадан тыс артқы жарығы бар фотосуреттерден көлеңкелерді алып тастайды.</p>   
<p>Dust Removal (Шаңды жою)</p>	<p>Түпнұсқалардағы шаң дақтарын автоматты түрде кетіреді.</p>   
<p>Text Enhancement (Мәтінді жақсарту)</p>	<p>Мәтінді құжаттарды сканерлеген кезде мәтінді тану мүмкіндігін жақсартады.</p>   

Сканерлеу

<p>Auto Area Segmentation (Аумақты автоматты түрде бөлу)</p>	<p>Қара және ақ түсті суреттерді анығырақ және мәтінді графикалық суреттерден бөлу арқылы мәтінді тануды бұрынғыдан дұрысырақ етеді.</p> 
<p>Color Enhance (Түстерді күшейту)</p>	<p>Белгілі бір түсті жақсартыңыз. Қызыл, көк немесе жасыл түстерін таңдауға болады.</p> 

Сканерлеу аймағын алдын ала қарау және өзгерту

Алдын ала қарау режимін таңдау

Негізгі параметрлерді және ажыратымдылықты таңдап болған соң, суретті алдын ала қарауға және сурет аумағын Preview (Қарап алу) терезесінде таңдауға немесе өзгертуге болады. Алдын ала қараудың екі түрі бар.

- Normal (Қалыпты) алдын ала қарау түрі алдын ала қаралған суретті(терді) толық көрсетеді. Сканерлеу аймағын таңдауға және сурет сапасына қатысты қандай да бір өзгертулерді қолмен жасауға болады.
- Thumbnail (Пиктограмма) түрінде алдын ала қарау нобай(лар) ретінде алдын ала қаралған суретті(терді) көрсетеді. Epson Scan сканерлеу аймағының шетін автоматты түрде орнатып, экспозиция параметрлерін суретке(терге) автоматты түрде қолданып, суретті(терді) қажет болса айналдырады.

Ескертпе:

- Сурет алдын ала қарағаннан кейін өзгертуге болатын орнатымдардың кейбіреуі алдын ала қарау режимі өзгертілсе бастапқы қалпына келеді.
- Құжат түріне және пайдаланылатын Epson Scan режимінде қарау, алдын ала қарау түрін өзгерте алмауыңыз мүмкін.
- Суретті(терді) Preview (Қарап алу) тілқатысу терезесін шығармастан алдын ала қарасаңыз, сурет(тер) әдепкі алдын ала қарау режимінде көрінеді. Preview (Қарап алу) тілқатысу терезесін шығарып алдын ала қарасаңыз, сурет(тер) алдын ала қараудың дәл алдында болған алдын ала қарау режимінде көрінеді.
- Preview (Қарап алу) терезесінің өлшемін өзгерту үшін Preview (Қарап алу) терезесін басып, сүйреңіз.
- Epson Scan қатысты қосымша мәлімет алу үшін Анықтама бөлімін қараңыз.

Сканерлеу


Жүгіртпе жол жасау

Жүгіртпе жол — сканерлеу аймағын білдіру үшін алдын ала қаралған суреттің шеттерінде пайда болатын жылжымалы пунктирлі сызық.

Жүгіртпе жолды сызу үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз.




- ❑ Жүгіртпе жолды қолмен сызу үшін меңзерді жүгіртпе жолдың бұрышын қойғыңыз келетін аумаққа орналастырып, басыңыз. Сызықтары айқасқан тұсты суреттің үстімен қажетті сканерлеу аймағының қарсы бұрышына сүйреңіз.





- ❑ Жүгіртпе жолды автоматты түрде сызу үшін  автоорнату белгішесін басыңыз. Бұл белгішені қалыпты алдын-ала қарау түрі арқылы қараған кезде ғана пайдалануға және сканер әйнегіне тек бір құжатты салуға болады.
- ❑ Жүгіртпе жолды белгілі бір өлшемге сай сызу үшін Document Size (Құжат өлшемі) параметрінде жаңа енді және биіктікті енгізіңіз.
- ❑ Жақсы нәтижелерге және сурет экспозициясына қол жеткізу үшін жүгіртпе жолдың барлық жақтары алдын ала қарау суретінің ішінде орналасқанына көз жеткізіңіз. Жүгіртпе жолдың ішіндегі алдын ала қаралатын суреттің айналасына кез келген аймақтарды қоймаңыз.

Жүгіртпе жолды реттеу

Жүгіртпе жолды жылжытуға және оның өлшемін өзгертуге болады. Егер қалыпты түрде алдын ала қарап отырсаңыз, суреттің әртүрлі бөліктерін бөлек сканерленген файлдар ретінде сканерлеу үшін әр суретте бірнеше жүгіртпе жолды (50 дейін) жасауға болады.

	<p>Жүгіртпе жолды жылжыту үшін меңзерді жүгіртпе жолдың ішіне қойыңыз. Меңзер қол болып өзгереді. Жүгіртпе жолды басып, қажетті жерге сүйреңіз.</p>
	<p>Жүгіртпе жолдың өлшемін өзгерту үшін меңзерді жүгіртпе жолдың шетінің немесе бұрышының үстіне қойыңыз.</p> <p>Меңзер түзу немесе бұрышты қос көрсеткіге айналады. Шетін немесе бұрышын нұқып, қажетті өлшемге дейін сүйреңіз.</p>
	<p>Бірдей өлшемі бар қосымша жүгіртпе жолдарды жасау үшін осы белгішені басыңыз.</p>

Сканерлеу

	<p>Жүгіртпе жолды өшіру үшін жүгіртпе жолдың ішін басып, осы белгішені басыңыз.</p>
	<p>Барлық жүгіртпе жолдарды іске қосу үшін осы белгішені басыңыз.</p>

Ескертпе:

- Жүгіртпе жолдың қозғалысын тік немесе көлденең күймен шектеу үшін жүгіртпе жолды жылжыту барысында **Shift (Shift пернесі)** пернесін басып тұрыңыз.
- Жүгіртпе жолдың өлшемін ағымдағы пропорциялармен шектеу үшін жүгіртпе жолдың өлшемін өзгерту барысында **Shift (Shift пернесі)** пернесін басып тұрыңыз.
- Бірнеше жүгіртпе жолды сызсаңыз, сканерлеуден бұрын *Preview (Қарап алу)* терезесіндегі **All (Барлығы)** пәрменін таңдауды ұмытпаңыз. Әйтпесе, соңғы сызылған жүгіртпе жол ішіндегі аймақ қана сканерленеді.

Бағдарламаға қатысты мәлімет

EPSON Scan драйверін іске қосу

Бұл бағдарлама сканерлеудің барлық аспектерін бақылауға мүмкіндік береді. Осыны бөлек сканерлеу бағдарламасы ретінде немесе басқа TWAIN-үйлесімді сканерлеу бағдарламасымен бірге пайдалануға болады.

Жұмысты бастау жолы

- Windows 8 және Server 2012:
Жұмыс үстеліндегі **EPSON Scan** белгішесін таңдаңыз.
Немесе **EPSON Scan** белгішесін **Бастау** экранынан таңдаңыз.
- Windows 7, Vista, XP, Server 2008 және Server 2003:
Жұмыс үстеліндегі **EPSON Scan** белгішесін екі рет басыңыз.
Бастау түймесінің белгішесін немесе **Start (Бастау) > All Programs (Барлық бағдарламалар)** немесе **Programs (Бағдарламалар) > EPSON > EPSON Scan > EPSON Scan** пәрменін таңдаңыз.
- Mac OS X:
Applications (Қолданбалар) > Epson Software > EPSON Scan тармағын таңдаңыз.

Анықтама бөліміне кіру жолы

EPSON Scan драйверіндегі **Help (Анықтама)** түймесін басыңыз.

Басқа сканерлеу бағдарламасын бастау

Ескертпе:

Кейбір елдерде кейбір сканерлеу бағдарламалары болмауы мүмкін.

Сканерлеу

Epson Event Manager

Epson Event Manager сканерлеу бағдарламасын ашу үшін өнім түймешіктерінің кез келгенін белгілеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сканерлеу жобаларын жылдамдататын жиі пайдаланылатын сканерлеу параметрлерін сақтай аласыз.

Бұл бағдарламалық жасақтаманы келесі Epson веб-сайтынан жүктеуге болады.

<http://support.epson.net/>

<http://www.epson.eu/Support> (Еуропа)

Жұмысты бастау жолы

- Windows 8:

Бастау экранын тінтуірдің оң жағымен басыңыз немесе **Бастау** экранының төменгі не жоғарғы жағынан сырғытыңыз да, **Барлық бағдарламалар** > **Epson бағдарламалық жасақтамасы** > **Оқиғалар басқарушысы** тармағын таңдаңыз.

- Windows 7, Vista және XP:

Бастау түймесін немесе **Бастау** > **Барлық бағдарламалар** немесе **Бағдарламалар** > **Epson бағдарламалық жасақтамасы** > **Оқиғалар басқарушысы** тармағын таңдаңыз.

- Mac OS X:

Бағдарламалар > **Epson Software** түймешігін таңдаңыз да, **Event Manager** белгішесін екі рет басыңыз.

Анықтама бөліміне кіру жолы

- Windows:

Экранның жоғарғы оң жақ бұрышындағы  белгішесін басыңыз.

- Mac OS X:

мәзір > **Help** > **Epson Event Manager Help** басыңыз.

Presto! PageManager

Бұл бағдарламалық жасақтама фотосуреттеріңізді не құжаттарыңызды сканерлеуге, басқаруға және ортақ пайдалануға мүмкіндік береді.

Ескертпе:

Presto! PageManager бағдарламалық жасақтамасының CD дискісі өніммен бірге келуі мүмкін.

Жұмысты бастау жолы

- Windows 8:

Бастау экранын тінтуірдің оң жағымен басыңыз немесе **Бастау** экранының төменгі не жоғарғы жағынан сырғытыңыз да, **Барлық бағдарламалар** > **Epson бағдарламалық жасақтамасы** > **Presto! PageManager** тармағын таңдаңыз.

Windows 7, Vista және XP:

Бастау түймешігін немесе **Бастау** > **Барлық бағдарламалар** немесе **Бағдарламалар** > **Presto! PageManager** қалтасы > **Presto! PageManager** тармағын басыңыз.

- Mac OS X:

Бағдарлама > **Presto! PageManager** тармағын таңдап, **Presto! PageManager** белгішесін екі рет басыңыз.

Факс жіберу

Телефон желісіне қосылу

Үйлесімді телефон желілері және телефон кабельдері

Телефон желісі

Өнімнің факс мүмкіндіктері стандартты аналогтық телефон желілерінде (PSTN = жалпы пайдалануға арналған коммутацияланатын телефондық желі) және PBX (жеке пайдалануға арналған телефондық жүйе) телефондық жүйелері арқылы жұмыс істеуге арналған. (Ортаға байланысты кейбір PBX телефондық жүйелеріне қолдау көрсетілмеуі мүмкін.) Epson барлық сандық телефон орталарымен үйлесімділікке кепілдік бере алмайды, әсіресе келесі жағдайларда.

- VoIP пайдаланғанда
- Талшықты-оптикалық сандық қызметтерді пайдаланғанда
- Телефон ұяшығы мен өнім арасында терминалдық адаптерлер, VoIP адаптерлері, сплиттерлер немесе DSL маршрутизаторы сияқты адаптерлер қосылған болса.

Телефон кабелі

Келесі интерфейс спецификациясы бар телефон кабелін пайдаланыңыз.

- RJ-11 Телефон желісі
- RJ-11 Телефон жиынтығының байланысы


Аумаққа байланысты өніммен бірге телефон кабелі қамтамасыз етілуі мүмкін. Солай болса, сол кабельді пайдаланыңыз. Кабельді сіздің ел немесе аймақ үшін қамтамасыз етілген адаптерге қосу қажет болуы мүмкін.

Өнімді телефон желісіне қосу

Стандартты телефондық желі (PSTN) немесе PBX

Кабельді телефон ұяшығынан немесе PBX портынан өнім артындағы **LINE** портына қосыңыз.

Факс жіберу




! **Маңызды:**

- ❑ Бөлмеде PBX консолі бар болса, консольден **LINE** портына қосыңыз.
- ❑ Телефонды қосып жатпағанда өнімнің **EXT** портынан қақпақты алмаңыз.

DSL немесе ISDN

Телефондық кабельді DSL модемінен, терминалдық адаптерден немесе ISDN маршрутизатордан өнім артындағы **LINE** портына қосыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін модеммен, адаптермен немесе маршрутизатормен бірге қамтамасыз етілген құжаттаманы қараңыз.



! **Маңызды:**

*DSL желісіне қосылғанда бөлек DSL сүзгісін пайдалану қажет болуы мүмкін. DSL сүзгісін пайдаланғанда телефондық кабельді DSL сүзгісінен өнімнің **LINE** портына қосыңыз.*


Телефон құрылғысына қосу

Өнімді телефон желісіне қосқаннан кейін телефонды немесе автожауапбергішті қосу үшін төмендегі процедураны орындаңыз.


Факс жіберу

Бір телефондық желі

- 1 Өнімдегі **EXT** портынан қақпақты алыңыз.



- 2 Екінші телефондық кабельді телефонға немесе автожауапбергішке және **EXT** портына қосыңыз.




! Маңызды:

- ❑ Телефон және өнім үшін бір телефондық желіні ортақ пайдалансаңыз, телефонды өнімнің **EXT** портына қосыңыз. Әйтпесе, телефон және өнім дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- ❑ Автожауапбергішті қосқан кезде өнімнің "Rings to Answer" параметрін өзгерту қажет болуы мүмкін.
➔ ["Жауап беретін қоңыраулар санын орнату" бетте 92](#)

Екі телефондық желі (ISDN мысалы)

Екінші телефондық кабельді телефонға немесе автожауапбергішке және терминалдық порттаға немесе ISDN маршрутизаторындағы портқа қосыңыз.

Факс жіберу



Факс жіберу үшін реттеу

Негізгі параметрлер

Бұл бөлімде факс мүмкіндіктерін пайдалану үшін қажет ең аз параметрлер сипатталған.

Ескертпе:

Admin Settings мәзіріндегі Lock Setting функциясы әкімшіге параметрлерді өзгертуден қорғауға мүмкіндік береді.

➔ ["System Administration Параметрлер" бетте 123](#)

Fax Setting Wizard мәзірін пайдалану

Өнімнің Fax Setting Wizard мәзірі негізгі факс мүмкіндіктерін орнату қадамдарынан өткізеді. Бұл шебер өнім бірінші рет қосылғанда автоматты түрде көрсетіледі. Параметрлерді теңшеп қойған болсаңыз, параметрлерді өзгерту керек болмаса осы бөлімді өткізіп жіберіңіз.

! Маңызды:

Шеберді іске қоспай тұрып, өнімді және телефонды телефон желісіне дұрыс қосқаныңызды тексеріңіз.

➔ ["Телефон желісіне қосылу" бетте 86](#)

- 1 Home мәзірінен **Setup** режиміне кіріңіз.
- 2 **System Administration** тармағын таңдаңыз.
- 3 **Fax Settings** тармағын таңдаңыз.
- 4 **Fax Setting Wizard** тармағын таңдаңыз.
Fax Setting Wizard экраны көрсетіледі. Жалғастыру үшін **Start** түймешігін басыңыз.
- 5 Fax Header экранында жіберушінің атын (40 таңбаға дейін) енгізіңіз.

Факс жіберу

6 Your Phone Number экранында телефон нөмірі (20 цифрға дейін) енгізіңіз.

Ескертпе:

- Алушылар факс жіберушісін анықтай алуы үшін факстарды жібермей тұрып факс тақырыбына атыңызды және телефон нөмірңізді енгізуіңіз керек.
- Тақырып ақпаратын кейінірек өзгертуге болады. Мәзірге төменде көрсетілгендей кіріңіз. Setup > System Administration > Fax Settings > Basic Settings > Header

7 Телефон компаниясының ажырататын қоңырау үні қызметіне жазылған болсаңыз, DRD Setting экранында **Proceed** пәрменін таңдаңыз. Кіріс факстар үшін пайдаланылатын қоңырау үнінің үлгісін таңдаңыз (немесе **On** күйін таңдаңыз), содан кейін 10-қадамға өтіңіз. Егер бұл параметрді орнату керек болса, **Skip** пәрменін таңдаңыз да, келесі қадамға өтіңіз.

Ескертпе:

- Телефондық компаниялардың көпшілігі ұсынатын ажырататын қоңырау үні қызметтері (қызмет атауы компанияға қарай әр түрлі болады) бір телефон желісінде бірнеше телефон нөміріне ие болуға мүмкіндік береді. Әр нөмірге басқаша қоңырау үнінің үлгісі белгіленеді. Дауыстық қоңыраулар үшін бір нөмірді және факс қоңыраулары үшін басқа нөмірді пайдалануға болады. DRD Setting тармағында факс қоңырауларына белгіленген қоңырау үнінің үлгісін таңдаңыз.
- Аймаққа байланысты DRD Setting параметрлері ретінде **On** және **Off** көрсетіледі. Ажырататын қоңырау үні мүмкіндігін пайдалану үшін **On** күйін таңдаңыз.
- Егер **On** күйін таңдасаңыз немесе All дегеннен басқа қоңырау үні үлгілерінің біреуін таңдасаңыз, Receive Mode автоматты түрде Auto күйіне орнатылады.
- DRD Setting параметрін кейінірек өзгертуге болады. Мәзірге төменде көрсетілгендей кіріңіз. Setup > System Administration > Fax Settings > Receive Settings > DRD

8 Receive Mode Setting экранында өнімге сыртқы телефонды немесе автожауапбергішті қосқан болсаңыз, **Yes** жауабын таңдаңыз да, келесі қадамға өтіңіз. Егер **No** жауабын таңдасаңыз, Receive Mode автоматты түрде Auto күйіне орнатылады. 10-қадамға өтіңіз.



Маңызды:


Өнімге сыртқы телефон қосылмаған болса, Receive Mode параметрін Auto күйіне орнату керек; әйтпесе факстарды алу мүмкін емес.

9 Келесі Receive Mode Setting экранында факстарды автоматты түрде қабылдау үшін **Yes** жауабын таңдаңыз. Факстарды қолмен қабылдау үшін **No** жауабын таңдаңыз.

Ескертпе:

- Сыртқы автожауапбергішті қоссаңыз және факстарды автоматты түрде қабылдауды таңдасаңыз, Rings to Answer параметрі дұрыс екенін тексеріңіз. ➔ ["Жауап беретін қоңыраулар санын орнату" бетте 92](#)
- Егер факстарды автоматты түрде қабылдауды таңдасаңыз, әр қоңырауға жауап беру керек және факстарды қабылдау үшін өнімнің басқару тақтасын немесе телефонды пайдалану керек. ➔ ["Факсты қолмен қабылдау" бетте 108](#)
- Receive Mode параметрін кейінірек өзгертуге болады. Мәзірге көрсетілгендей кіріңіз. Setup > System Administration > Fax Settings > Receive Settings > Receive Mode.

Факс жіберу

10 Confirm Settings экранында орнатылған параметрлерді тексеріңіз, содан кейін **Proceed** пәрменін таңдаңыз. Параметрлерді түзету немесе өзгерту үшін  түймешігін басыңыз.

11 **Check Fax Connection** іске қосу және тексеру нәтижесі туралы есепті басып шығару үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Егер қандай да қетелер туралы есеп берілген болса, есептегі шешімдерді қолданып көріңіз де, тексеруді қайтадан орындаңыз.

Ескертпе:

- Егер *Select Line Type* экраны көрсетілсе, келесі бөлімді қараңыз.
➔ ["Желі түрін орнату" бетте 91](#)
- Егер *Select Dial Tone Detection* экраны көрсетілсе, **Disable** пәрменін таңдаңыз. Бірақ, теру үнін анықтау функциясын өшіру факс нөмірінің бірінші цифрын қалдырып кетіп, факсты қате нөмірге жіберуі мүмкін.
- Шеберді жапқаннан кейін тексеруді қайтадан орындау үшін мәзірге төменде көрсетілгендей кіріңіз.
Setup > System Administration > Fax Settings > Check Fax Connection.

Желі түрін орнату

Егер өнімді PBX телефондық жүйесіне немесе терминалдық адаптерге қосып жатсаңыз, Line Type параметрін төменде сипатталғандай өзгертіңіз.

Ескертпе:

PBX (жеке пайдалануға арналған телефондық жүйе) сыртқы желіге қоңырау шалу үшін "9" сияқты сыртқы қатынас кодын теру керек кеңселерде пайдаланылады. Әдепкі Line Type параметрі — PSTN (жалпы пайдалануға арналған коммутацияланатын телефондық желі), бұл үйдегіге ұқсас стандартты телефондық желі.

- 1** Home мәзірінен **Setup** режиміне кіріңіз.
- 2** **System Administration** тармағын таңдаңыз.
- 3** **Fax Settings** тармағын таңдаңыз.
- 4** **Basic Settings** тармағын таңдаңыз.
- 5** **Line Type** параметрін таңдаңыз.
- 6** **PBX** параметрін таңдаңыз.
- 7** Access Code экранында **Use** немесе **Do Not Use** параметрін пайдаланыңыз. Егер **Use** параметрін таңдасаңыз, келесі қадамға өтіңіз.
- 8** Сыртқы қатынас кодын Access Code өрісінде енгізіңіз.

Факс жіберу

Ескертпе:

PBX телефондық жүйесіне қосылғанда алдымен қатынас кодын орнату ұсынылады. Параметрді орнатқаннан кейін сыртқы факс нөмірін енгізгенде немесе оны контактілер тізімінде сақтағанда нақты сыртқы қатынас кодының орнына * (тор таңбасы) енгізіңіз. Өнім теру кезінде * орнатылған кодпен автоматты түрде ауыстырады. Нақты кодты енгізумен салыстырғанда * қосылым мәселелерін болдырмауға көмектесе алады.

Жауап беретін қоңыраулар санын орнату

Сыртқы автожауапбергішті қоссаңыз және факстарды автоматты түрде қабылдауды таңдасаңыз, Rings to Answer параметрі дұрыс екенін тексеріңіз.

! Маңызды:

Rings to Answer параметрі өнім факсті автоматты түрде алмас бұрын орын алуы керек қоңыраулар санын көрсетеді. Егер қосылған автожауапбергіш төртінші қоңырауда жауап беру үшін орнатылған болса, өнімді бесінші немесе одан кейінгі қоңырауда жауап беру үшін орнатыңыз. Басқа жағдайда автожауапбергіш дауыстық қоңырауларды қабылдауы мүмкін. Аймаққа байланысты бұл параметр көрсетілмеуі мүмкін.

- 1 Home мәзірінен **Setup** режиміне кіріңіз.
- 2 **System Administration** тармағын таңдаңыз.
- 3 **Fax Settings** тармағын таңдаңыз.
- 4 **Receive Settings** тармағын таңдаңыз.
- 5 **Rings to Answer** параметрін таңдаңыз:
- 6 Автожауапбергіштен кемінде бір қоңырауға көбірек қоңыраулар санын таңдаңыз.

Ескертпе:

Автожауапбергіш әрбір қоңырауды өнімнен тезірек қабылдайды, бірақ өнім факс үндерін анықтай алады және факстарды қабылдауды бастай алады. Егер телефонға жауап берсеңіз және факс үнін естісеңіз, өнім факсты қабылдауды бастағанын тексеріңіз, содан кейін телефонды қойыңыз.

Кеңейтілген параметрлер

Бұл бөлімде кеңейтілген факс параметрлері беріледі. Мәзірлерге әр тақырыпта көрсетілгендей кіріңіз. Әр мәзірдің және параметрдің түсіндірмесін мәзірлер тізімінен қараңыз.

➔ ["System Administration Параметрлер" бетте 123](#)

Факс жіберу

Факстарды жіберу параметрлері

- ❑ Факс байланысының жылдамдығын өзгерту.
 - ➔ Setup > System Administration > Fax Settings > Basic Settings > Fax Speed.

Ескертпе:

Мұнда таңдалған факс жылдамдығы факстарды қабылдағанда да пайдаланылады.

- ❑ Факс жіберу үшін контактілер тізімін жасау.
 - ➔ ["Контактіні жасау" бетте 113](#)
- ❑ Факстарды жіберу үшін ажыратымдылық және құжат өлшемі сияқты әдепкі параметрлерді өзгерту.
 - ➔ Setup > System Administration > Fax Settings > User Default Settings

Факстарды қабылдау параметрлері

- ❑ Қабылданған факсты шығару параметрлерін өзгерту.

Әдепкі бойынша, өнім әр қабылданған факсты басып шығарады. Параметрлерді қабылданған факстарды өнім жадында, компьютерде немесе сыртқы жад құрылғысында сақтауға өзгертуге болады.

 - ➔ ["Алынған факстарды сақтау және қайта жіберу" бетте 101](#)
- ❑ Факстарды және факс есептерін басып шығару үшін қағаз құндақтарын таңдау.

Еген өнімде бірнеше қағаз құндағы болса, факстарды және факс есептерін басып шығару үшін пайдаланылатын құндақты таңдауға болады.

 - ➔ Setup > System Administration > Printer Settings > Paper Source Settings > Auto Select Settings > Fax

Ескертпе:

Жоғарыдағы мәзірде бірнеше құндақ таңдалған болса, ең қолайлы құндақ әр құндақтың қағаз өлшемі параметріне және қабылданатын факстардың немесе факс есептерінің өлшеміне сай автоматты түрде таңдалады.

- ❑ Факстарды және факс есептерін басып шығару параметрлерін өзгерту.
 - ➔ Setup > System Administration > Fax Settings > Output Settings

Компьютерден факстар жіберу үшін FAX Utility бағдарламасын орнату

Epson FAX Utility компьютерден факс жіберуге және қабылданған факстарды көрсетілген қалтаға сақтауға мүмкіндік береді. FAX Utility бағдарламасын орнату үшін төмендегі процедураны орындаңыз. PC-FAX Driver да бірге орнатылады. Бұл факстарды жіберу үшін қажет.



Маңызды:

FAX Utility бағдарламасын орнату алдында принтер драйверін орнатыңыз.

Windows

Өніммен бірге келген бағдарламалар дискісін салыңыз да, мына қалтада setup.exe файлын басыңыз.
 \Apps\FaxUtility\setup.exe

Факс жіберу



Маңызды:

Принтер драйвері үшін пайдаланылатын портты таңдаңыз.

Mac OS X

FAX Utility бағдарламасын мына Epson веб-сайтынан жүктеңіз.

<http://support.epson.net/setupnavi/>

FAX Utility бағдарламасын орнатқаннан кейін факс драйверін қосу үшін төмендегі процедураны орындаңыз.

1

Принтер тізімін көрсету үшін **Apple - Жүйе параметрі - Басып шығару және факспен жіберу** тармағын таңдаңыз.

2

+ қосу түймешігін басыңыз.

3

Принтерді қосу экраны көрсетілгенде **Default (Әдепкі)** параметрін басыңыз.

4

Тізімде PC-FAX Driver көрсетілгенде оны таңдаңыз да, **Add (Қосу)** түймешігін басыңыз.

Ескертпе:

PC-FAX Driver көрсетілгенше біраз уақыт кетуі мүмкін.

PC-FAX Driver атауы FAX деп басталап, одан кейін өнім атауы және жақша ішінде қосылым әдісі, мысалы, (USB), келеді.

5

System Preferences (Жүйе параметрлері) мәзірінен **Quit System Preferences (Жүйе параметрлерінен шығу)** тармағын таңдаңыз.

Факстар жіберу

Негізгі амалдар

Монохромды (ақ-қара) немесе түсті факсты жіберу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Монохромды факсты жібергенде сканерленген құжат өнім жадында уақытша сақталады және оны жіберу алдында СКД экранында алдын ала қарауға болады.

Ескертпе:

Өнім 50-ге дейін монохромды факс тапсырмасын қабылдай алады. Status Menu пайдаланып резервте сақталған факс тапсырмасын тексеруге немесе болдырмауға болады.

➔ "Ағымдағы немесе күтудегі факс тапсырмаларын тексеру" бетте 110

1

Түпнұсқаны қойыңыз. Бір тасымалдау кезінде 100-ге дейін бетті жіберуге болады.

➔ "Түпнұсқаларды салу" бетте 46

Факс жіберу

- 2** Home мәзірінен **Fax** режиміне кіріңіз.

Ескертпе:

Екі жақты құжатты факспен жіберу үшін құжатты ADF ішіне қойыңыз. **Menu** тармағын басып, **Fax Send Settings, ADF 2-Sided** тармағын, содан кейін **On** күйін таңдаңыз. Екі жақты құжаттарды түсті етіп факспен жіберу мүмкін емес.

- 3** Келесі әдістердің біреуін немесе олардың тіркесімін пайдаланып факс алушыларын көрсетіңіз. Монохромды факсті 200 алушыға (WF-7610 сериясы/WF-7620) немесе 100 алушыға (WF-3620 сериясы/WF-3640 сериясы) дейін жібере аласыз.

Факс нөмірін қолмен енгізу	Enter a Fax Number өрісін басыңыз да, факс нөмірін (64 санға дейін) енгізіңіз. Басқа факс нөмірін қосу үшін факс нөмірі өрісін басыңыз.
Контактілер тізімінен таңдау	Контактілер тізімінің экранын көрсету үшін Contacts тармағын басыңыз. Құсбелгілерді қою арқылы тізімнен бір немесе бірнеше алушыны таңдаңыз (таңдауды алу үшін шаршыларды қайтадан басыңыз). Алушыларды аты, индекс аты немесе жазба нөмірі бойынша іздеу үшін Search өрісін басыңыз. Алушыларды таңдағаннан кейін Proceed түймешігін басыңыз.
Жіберілген факстар журналынан таңдау	Жіберілген факстар журналын көрсету үшін History түймешігін басыңыз. Тізімнен алушыны таңдап, Details экранында Menu тармағын басыңыз да, Send to this number пәрменін таңдаңыз.

Ескертпе:

- Енгізілген алушыларды жою үшін факс нөмірін енгізу өрісін басып, алушылар тізімінен жойғыңыз келетін алушыны таңдаңыз. Содан кейін **Delete from the List** түймешігін басыңыз.
- Security Settings* тармағындағы *Direct Dialing Restrictions* параметрі қосылған болса, алушыларды тек контактілер тізімінен немесе жіберілген факстар журналынан таңдай аласыз. Факс нөмірін қолмен енгізе алмайсыз.
- Түсті факсты бір уақытта бірнеше алушыға жіберу мүмкін емес.
- Егер телефон жүйесі PBX болса және сыртқы желіге шығу үшін "9" сияқты сыртқы қатынас коды қажет болса, факс нөмірінің алдында қатынас кодын енгізіңіз. Егер Line Type параметрінде қатынас коды орнатылған болса, нақты қатынас кодының орнына # (тор белгішесі) енгізіңіз.
➔ ["Желі түрін орнату" бетте 91](#)

- 4** **Menu** түймешігін басыңыз, содан кейін, қажет болса, ажыратымдылық сияқты факсты жіберу параметрлерін өзгерту үшін **Fax Send Settings** тармағын таңдаңыз.

Параметрлердің әрқайсысының түсіндірмесін мәзірлер тізімінен қараңыз.

➔ ["Fax режимі" бетте 119](#)

Ескертпе:

Факс параметрлерін алдын ала орнатым ретінде сақтауға болады. Қосымша ақпаратты төмендегі бөлімнен қараңыз.

➔ ["Presets" бетте 130](#)




Факс жіберу

- 5** Жіберу алдында алдын ала қарау керек болмаса, 6-қадамға өтіңіз. Факсты алдын ала қарау үшін (тек монохромды факс), факстың жоғарғы экранында **Preview** түймешігін басыңыз.

Өнім құжаттарды сканерлеуді бастайды және сканерленген кескінді СКД экранында көрсетеді. Факсты жіберуді бастау үшін 6-қадамға өтіңіз.

Ескертпе:

- Fax Send Settings* мәзіріндегі *Direct Send* параметрі қосылған болса, кескіндерді алдын ала қарау мүмкін емес.
- Алдын ала қарау экраны 20 секундқа тимей қалдырылса, факс автоматты түрде жіберіледі.
- Құжаты қайта сканерлеу керек болса, алдын ала қарау экранында **Retry** түймешігін басыңыз. Қажетінше құжатты ысырыңыз немесе жіберу параметрлерін өзгертіңіз, содан кейін осы қадамды қайталаңыз.

- 6** Факсты жіберуді бастау үшін  (Color) немесе  (B&W) түймешігін басыңыз. Факсты жіберуді болдырмау үшін  түймешігін басыңыз. Сондай-ақ, Job Monitor немесе Job History экранында тапсырманы болдырмауға немесе тапсырма күйін/нәтижесін тексеруге болады.

Тапсырманың күйін/нәтижесін тексеру туралы қосымша мәліметтерді келесі бөлімнен қараңыз.

➔ ["Күй мәзірін пайдалану" бетте 110](#)

Ескертпе:

- Eger Save Failure Data* параметрі қосылған болса, жіберілмеген факстар сақталады. Бұл сақталған факстарды *Status Menu* экранынан қайта жіберуге болады.
- ➔ *Setup > System Administration > Fax Settings > Send Settings > Save Failure Data*

Басқа параметрлер

Пайдалы факс мүмкіндіктерін пайдалану

Бұл бөлімде өнімдікті жақсартатын басқа пайдалы факс мүмкіндіктерін пайдалану әдісі сипатталады.

Ескертпе:

- Admin Settings* мәзіріндегі *Lock Setting* функциясы әкімшіге параметрлерді өзгертуден қорғайтын құпия сөзді орнатуға мүмкіндік береді.
- ➔ ["System Administration Параметрлер" бетте 123](#)

- Монохромды құжаттардың үлкен көлемін жіберу (**Direct Send**)

Монохромды факсты жіберген кезде сканерленген құжат өнімнің жадында уақытша сақталады. Егер құжаттардың үлкен көлемі сканерленсе, өнімнің жады таусылуы және ол жарым жолда сканерлеуді тоқтатуы мүмкін. Мұны Fax Send Settings мәзіріндегі Direct Send параметрін пайдалана отырып болдырмауға болады. Өнім қосылым орнатылғаннан кейін сканерлеуді бастайды, содан кейін сканерленген кескінді жадына сақтаусыз бір уақытта құжатты сканерлейді және жібереді. Жад толып қалған болса да, осы параметрді пайдаланып

Факс жіберу

монохромды факсты жібере аласыз.

Бірнеше алушыға факс жібергенде бұл параметрді пайдалану мүмкін емес екенін ескеріңіз.

❑ Жедел факстардың басымдылығын анықтау (**Priority Send**)

Жедел факсты жіберу қажет болса және әлдеқашан бірнеше факс жіберуді күтуде болса, ағымдағы факс тапсырмасы аяқтала сала жедел факсты жібере аласыз. Мұны істеу үшін **Color** немесе **B&W** түймешігін баспай тұрып Fax Send Settings мәзірінде **Priority Send** параметрін қосыңыз.

Компьютерден жіберілген факс тапсырмасының басымдылығы Priority Send факс тапсырмаларынан жоғарырақ болатынын ескеріңіз.

❑ Бумалық әрекеттерді пайдалану арқылы қосылу уақыттарын және ақыларды үнемдеу (**Batch Send**)

Batch Send параметрі қосылған болса (әдепкі бойынша өшірулі), өнім жадындағы барлық жіберуді күтудегі факстарды тексереді, содан кейін бума ретінде жіберу үшін бірдей алушыға арналған факстарды топтастырады. Бумалық әрекетті пайдаланып барлығы 5 файлға дейін және/немесе 100 бетке дейін жіберуге болады. Мәзірге төменде көрсетілгендей кіріңіз.

➔ Setup > System Administration > Fax Settings > Send Settings > Batch Send

Ескертпе:

- ❑ *Бұл функция алушы ақпараты бірдей болғанда ғана жұмыс істейді. Егер екі факс тапсырмасы үшін бірдей алушы табылса, бірақ тапсырмалардың біреуінде басқа алушы болса, өнім оларды бірге топтастырмайды.*
- ❑ *Тіпті алушы ақпараты сәйкес болса да, факсты жіберу уақыты сәйкес болмаса жоспарланған факстар бірге топтастырылмайды.*
- ❑ *Бұл функция компьютерден жіберілген факстарға я болмаса Priority Send немесе Direct Send параметрі қосылған факстарға қолданылмайды.*

❑ ADF (**Continuous Scan from ADF**) пайдаланып өлшемдері әр түрлі құжаттарды жіберу

Бір уақытта ADF ішіне өлшемдері әр түрлі құжаттарды қойсаңыз, олар бастапқы өлшемдерінде жіберілмеуі мүмкін. ADF пайдаланып өлшемдері әр түрлі құжаттарды жіберу үшін алдымен Fax Send Settings мәзірінде Continuous Scan from ADF параметрін қосыңыз. Содан кейін өнім ADF ішінде құжаттарды сканерлеуді аяқтаған сайын жіберуді бастамай тұрып басқа бетті сканерлеу қажеттілігі туралы сұрайды. Бұл мүмкіндікті пайдаланып құжаттарды өлшемі бойынша сұрыптауға және сканерлеуге болады. Сондай-ақ, бұл бір уақытта ADF ішіне жүктеу мүмкін емес құжаттардың үлкен көлемін факспен жіберу кезінде пайдалы.

❑ **On Hook** функциясын пайдалану (WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы ғана)

On Hook функциясы телефонды ілгегінде қалдырып, өнімнің ішкі динамигінен үндерді және дауыстарды естуге мүмкіндік береді. Факстың жоғарғы экранында **On Hook** түймешігін басыңыз, содан кейін басқару тақтасында факс нөмірін енгізіңіз. Бұл мүмкіндікті қызметтің дыбыстық нұсқаулығын орындау арқылы талап бойынша факс қызметінен нақты құжатты алу керек болғанда пайдалануға болады.

Факсты көрсетілген уақытта жіберу

Факсты көрсетілген уақытта жіберуді реттеуге болады. Бұл функцияны пайдаланғанда түсті факстарды жіберу мүмкін емес.

Факс жіберу

Ескертпе:

Өнімнің күн және уақыт параметрі дұрыс екенін тексеріңіз.

➔ *Setup > System Administration > Common Settings > Date/Time Settings*

- 1 “Негізгі амалдар” бетте 94 бөліміндегі 1–4 қадамдарын қайталаңыз.
- 2 Факстың жоғарғы экранында **Menu** түймешігін басыңыз да, **Send Fax Later** пәрменін таңдаңыз.
- 3 **On** күйін таңдаңыз да, факсты жіберу қажет уақытты енгізіңіз. Аяқтаған кезде **OK** түймешігін басыңыз.
- 4 Факсты сканерлеуді бастау үшін \diamond (B&W) түймешігін басыңыз.
Сканерленген кескін көрсетілген уақытта жіберіледі. Егер көрсетілген уақытта өнімнің қуаты өшірілген болса, факс өнім қосылғанда жіберіледі.

Факсты талап бойынша жіберу (факсті сұрау арқылы алу)

Rolling Send функциясы басқа факс құрылғысынан сұрау кезінде автоматты түрде жіберу үшін сканерленген құжатты (монохромды түстегі 100-ге дейінгі бет) сақтауға мүмкіндік береді. Тұтынушылар немесе іскери серіктестер құжатты жай өздерінің факс құрылғыларындағы сұрау арқылы алу функциясын пайдаланып факс нөміріге қоңырау шалу арқылы ала алады.

- 1 Түпнұсқаны қойыңыз.
➔ “Түпнұсқаларды салу” бетте 46
- 2 Home мәзірінен **Fax** режиміне кіріңіз.
- 3 **Menu** түймешігін басып, **Polling Send** параметрін таңдаңыз да, **On** күйін таңдаңыз.
- 4 **Menu** түймешігін басыңыз, содан кейін, қажет болса, ажыратымдылық сияқты факсты жіберу параметрлерін өзгерту үшін **Fax Send Settings** тармағын таңдаңыз. Параметрлердің әрқайсысының түсіндірмесін мәзірлер тізімінен қараңыз.
➔ “Fax режимі” бетте 119
- 5 Құжатты сканерлеуді бастау үшін \diamond (B&W) түймешігін басыңыз. Сканерленген құжат жойғанша сақталады. Сақталған құжатты жою үшін Status Menu ішінен қол жеткізіңіз.
➔ “Ағымдағы немесе күтудегі факс тапсырмаларын тексеру” бетте 110

Ескертпе:

Тек бір құжатты сақтау мүмкін болғандықтан, сізден бір құжат сақталып қойылған болса қайта жазу қажеттілігі сұралады.

Факс жіберу

Сақталған факсты жіберу

Кез келген адамға кез келген уақытта жіберу үшін өнімнің жадында бір сканерленген құжатты (монохромды түстегі 100-ге дейінгі бет) сақтауға болады. Бұл мүмкіндік тұтынушылар немесе іскери серіктестер жіберуді жиі сұрайтын болса пайдалы.

- 1 Түпнұсқаны қойыңыз.
➔ [“Түпнұсқаларды салу” бетте 46](#)
- 2 Номер мәзірінен **Fax** режиміне кіріңіз.
- 3 **Menu** түймешігін басып, **Store Fax Data** параметрін таңдаңыз да, **On** күйін таңдаңыз.
- 4 **Menu** түймешігін басыңыз, содан кейін, қажет болса, ажыратымдылық сияқты факсты жіберу параметрлерін өзгерту үшін **Fax Send Settings** тармағын таңдаңыз. Параметрлердің әрқайсысының түсіндірмесін мәзірлер тізімінен қараңыз.
➔ [“Fax режимі” бетте 119](#)
- 5 Құжатты сканерлеуді бастау үшін \diamond (B&W) түймешігін басыңыз. Сканерленген құжат жойғанша сақталады. Сақталған құжатты жіберу үшін Status Menu ішінен қол жеткізіңіз.
➔ [“Ағымдағы немесе күтудегі факс тапсырмаларын тексеру” бетте 110](#)


Ескертпе:

Тек бір құжатты сақтау мүмкін болғандықтан, сізден бір құжат сақталып қойылған болса қайта жазу қажеттілігі сұралады.

Факсті қосылған телефоннан жіберу



Егер алушының телефон нөмірі және факс нөмірі бірдей болса, алушымен телефонмен сөйлесуден кейін факсты жібере аласыз.

- 1 Түпнұсқаны қойыңыз.
➔ [“Түпнұсқаларды салу” бетте 46](#)
- 2 Өнімге қосылған телефоннан нөмірді теріңіз. Қажет болса, алушымен телефонмен сөйлесе аласыз.



- 3 Өнімнің СКД экранында **Start Fax** түймешігін басыңыз.
- 4 **Send** пәрменін таңдаңыз.

Факс жіберу

- 5 Факс үнін естігенде факсты жіберуді бастау үшін  (Color) немесе  (B&W) түймешігін басыңыз.
- 6 Телефон тұтқасын қойыңыз.


Компьютерден факс жіберу

Epson FAX Utility бағдарламасын пайдаланып сөздерді өңдеу немесе электрондық кесте қолданбасы сияқты қолданбаны пайдаланып жасалған факс құжаттарын тікелей компьютерден жіберуге болады. FAX Utility бағдарламасын орнату әдісі туралы ақпаратты келесі бөлімнен қараңыз.

➔ ["Компьютерден факстар жіберу үшін FAX Utility бағдарламасын орнату" бетте 93](#)

Ескертпе:

Келесі түсіндермеде Windows OS жүйесі үшін Microsoft Word бағдарламасы және Mac OS X жүйесі үшін Text Edit бағдарламасы мысал ретінде пайдаланылады. Нақты әрекеттер пайдаланылатын қолданбаға байланысты басқаша болуы мүмкін. Қосымша мәліметтер алу үшін қолданбаның анықтамасын қараңыз.

- 1 Факспен жіберу керек файлды ашыңыз.
- 2 Қолданбаның File (Файл) мәзірінде Print (Басып шығару) мәзірін ашыңыз. Қолданбаның басып шығару параметрлерінің экраны көрсетіледі.
- 3 Windows: принтерді (FAX) принтерді таңдау тізімінен таңдаңыз да, қажетінше басып шығару параметрлерін өзгертіңіз.
Mac OS X: принтерді (FAX) принтерді таңдау тізімінен таңдаңыз,  түймешігін басыңыз да, қажетінше басып шығару параметрлерін өзгертіңіз.
- 4 Windows: **Properties** тармағын басыңыз, қажетінше факс жіберу параметрлерін өзгертіңіз де, **OK** түймешігін басыңыз.
Mac OS X: **Fax Settings** тармағын таңдаңыз да, қажетінше факс жіберу параметрлерін өзгертіңіз.
- 5 Windows: **OK** түймешігін басыңыз. Recipient Settings экраны көрсетіледі. Бір немесе бірнеше алушыны таңдаңыз да, **Next** түймешігін басыңыз.
Mac OS X: **Recipient Settings** тармағын таңдаңыз да, бір немесе бірнеше алушыны таңдаңыз.
- 6 Қажет болса, титул парағының мазмұнын көрсетіңіз. (Mac OS X үшін бұл қадамды өткізіп жіберіңіз.)
- 7 Факсты жіберу үшін **Send** немесе **Fax** пәрменін басыңыз. Факс тапсырмасы өнімге жіберіледі.

Ескертпе:

Windows FAX Utility 1000-ға дейін контактіні (PC-FAX Phone Book) сақтауға мүмкіндік береді. Бұған қоса Windows және Mac FAX Utility жүйелерінің екеуі де өнімнің контактiлер тізімін өңдеу мүмкіндігін береді. Қосымша мәліметтерді FAX Utility анықтамасынан қараңыз.

Факстарды қабылдау

Қабылдау режимін реттеу

Өнім бастапқыда факстарды автоматы түрде қабылдауға реттелген (**Receive Mode — Auto**). Өнімге сыртқы телефонды қосатын болсаңыз, мұны **Manual** режиміне өзгерте аласыз.

Автоматты қабылдау режимінде өнім әрбір факсты автоматты түрде қабылдайды және оларды Fax Output параметріне сай шығарады.

➔ [“Алынған факстарды сақтау және қайта жіберу” бетте 101](#)

Қолмен қабылдау режимінде әр қоңырауға жауап беру қажет және факстарды қабылдау үшін өнімнің басқару тқатасын немесе телефонды пайдалану керек. Қабылданған факс Fax Output параметрлеріне сай шығарылады.

➔ [“Факсты қолмен қабылдау” бетте 108](#)

Факс мүмкіндіктерін бірінші рет реттегенде я болмаса телефон жүйесіндегі өзгеріске немесе басқа бір себепке байланысты параметрлерді өзгерту керек болса, өнімді дұрыс реттеу үшін Fax Setting Wizard пайдаланыңыз.

➔ [“Fax Setting Wizard мәзірін пайдалану” бетте 89](#)

Алынған факстарды сақтау және қайта жіберу

Өнім алынған факстарды сақтау және қайта жіберу үшін келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Өнімнің **Inbox** қалтасында сақтау

➔ [“Алынған факстарды **Inbox** қалтасында сақтау” бетте 102](#)

Сыртқы жад құрылғысында сақтау

➔ [“Алынған факстарды сыртқы жад құрылғысында сақтау” бетте 103](#)

Компьютерде сақтау

➔ [“Алынған факстарды компьютерде сақтау” бетте 104](#)

Басқа факс құрылғысына қайта жіберу

➔ [“Алынған факстарды қайта жіберу” бетте 106](#)

Электрондық пошта мекенжайына немесе желідегі ортақ қалтаға қайта жіберу

➔ [“Алынған факстарды қайта жіберу” бетте 106](#)

Факс жіберу

Ескертпе:

- ❑ Өнімге байланысты алынған факстарды электрондық пошта мекенжайына немесе қалтаға қайта жіберуге қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
 - ➔ ["Қол жетімді мүмкіндіктер" бетте 9](#)
- ❑ Жоғарыдағы мүмкіндіктерді бір уақытта пайдалануға болады. Олардың барлығын бір уақытта пайдалансаңыз, алынған құжаттар **Inbox** қалтасына, сыртқы жад құрылғысына, компьютерде сақталады және көрсетілген белгіленген орынға қайта жіберіледі.
- ❑ WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін әлі оқылмаған, сақталмаған немесе қайта жіберілмеген алынған құжаттар бар болса, өңделмеген тапсырмалардың саны факс режимі белгішесінде көрсетіледі.
 - ➔ ["Өңделмеген алынбаған факстар туралы хабарландыру \(тек WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін\)" бетте 109](#)

Алынған факстарды Inbox қалтасында сақтау

Алынған факстарды өнімнің **Inbox** қалтасында сақтауды орнатуға болады. 100-ге дейін құжатты сақтауға болады. Бұл мүмкіндікті пайдалансаңыз, алынған құжаттар автоматты түрде басып шығарылмайды. Оларды өнімнің СКД экранында көруге және тек қажет болғанда басып шығаруға болады.

Ескертпе:

Сақталатын құжаттардың файл өлшемі және бір уақытта бірнеше факс сақтау мүмкіндігін пайдалану сияқты пайдалану жағдайларына байланысты 100 құжатты сақтау мүмкін болмауы мүмкін.

Алынған факстарды Inbox қалтасында сақтауға орнату

- 1 Home (Басты) мәзірінен **Setup** тармағына кіріңіз.
- 2 **System Administration > Fax Settings > Output Settings > Fax Output** тармағын таңдаңыз.
- 3 Экранда көрсетілген ағымдағы параметрлерді тексеріп, **Settings** түймесін басыңыз.
- 4 **Save to Inbox > Yes** тармағын таңдаңыз.
- 5 WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін бұл опцияны **Inbox** қалтасы толы болғанда пайдалану үшін таңдаңыз.
 - ❑ **Receive and print faxes:** өнім **Inbox** қалтасында сақтау мүмкін емес барлық алынған құжаттарды басып шығарады.
 - ❑ **Reject incoming faxes:** өнім кіріс факс қоңырауларына жауап бермейді.

Факс жіберу

Алынған факстарды СКД экранында көру

1 Home (Басты) мәзірінен **Fax** тармағына кіріңіз.

WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы туралы ескертпе:











Оқылмаған алынған факстар бар болса, оқылмаған құжаттардың саны басты экрандағы факс режимі белгішесінде көрсетіледі.

➔ "Өңделмеген алынбаған факстар туралы хабарландыру (тек WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін)" бетте 109

2 **Open Inbox** пәрменін таңдаңыз.

3 **Inbox** қалтасы құпия сөзбен қорғалған болса, **Inbox** қалтасының құпия сөзін немесе әкімші құпия сөзін енгізіңіз.

4 Тізімнен көру үшін факсты таңдаңыз. Факстың мазмұны көрсетіледі.

-  : кескінді оң жаққа 90 градусқа бұрады.
-     : экранды көрсеткілер бағытында жылжытады.
-   : кішірейтеді немесе үлкейтеді.
-   : алдыңғы немесе келесі бетке жылжытады.
- View**: әрекет белгішелерін көрсетеді немесе жасырады.
- * : алдын ала қаралған құжаттарды жояды.

* : бұл белгіше тек WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін көрсетіледі.

5 **Menu** түймесін басыңыз, көрген құжатты басып шығаруды немесе жоюды таңдаңыз, содан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



Маңызды:

Егер өнім жады таусылса, факстарды алу және жіберу өшірілуі мүмкін. Оқып немесе басып қойған алынған құжаттарды жойыңыз.

Алынған факстарды сыртқы жад құрылғысында сақтау

Алынған құжаттарды PDF пішімінде түрлендіруді және оларды өнімге қосылған сыртқы жад құрылғысында сақтауды орнатуға болады. Сондай-ақ, жад құрылғысында сақтап жатқанда құжаттарды автоматты түрде басып шығаруды орнатуға болады.

Факс жіберу



Маңызды:

Жад құрылғысын өнімге мүмкіндігінше ұзақ қосулы сақтаңыз. Құрылғыны ажыратылған күйде қалдырсаңыз, өнім алынған құжаттарды уақытша сақтайды және факстарды жіберуді және алуды өшіретін жад толы қатесіне әкелуі мүмкін. WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін өнім құжаттарды уақытша сақтап жатқанда сақталмаған тапсырмалар саны басты экрандағы факс режимі белгішесінде көрсетіледі.

➔ ["Өңделмеген алынбаған факстар туралы хабарландыру \(тек WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін\)" бетте 109](#)

- 1 Сыртқы USB құрылғысын қосыңыз.
- 2 Home (Басты) мәзірінен **Setup** тармағына кіріңіз.
- 3 **System Administration > Fax Settings > Output Settings > Fax Output** тармағын таңдаңыз.
- 4 Экранда көрсетілген ағымдағы параметрлерді тексеріп, **Settings** түймесін басыңыз.
- 5 **Other Settings > Create Folder to Save** тармағын таңдаңыз.
- 6 Экрандағы хабарды қараңыз да, **Create** түймесін басыңыз. Алынған құжаттарды сақтау қалтасы жад құрылғысында жасалады.
- 7 **Fax Output** экранына оралу үшін **3** түймесін басыңыз.
- 8 **Save to Memory Device > Yes** тармағын таңдаңыз. Жад құрылғысына сақтап жатқанда құжаттарды автоматты түрде басып шығару үшін **Yes and Print** пәрменін таңдаңыз.

Алынған факстарды компьютерде сақтау

Алынған құжаттарды PDF пішіміне түрлендіруді және оларды өнімге қосылған компьютерде сақтауды орнатуға болады. Сондай-ақ, компьютерде сақтап жатқанда құжаттарды автоматты түрде басып шығаруды орнатуға болады.

Алдымен параметр орнату үшін FAX Utility құралын пайдалану керек. Компьютерде FAX Utility құралын орнатыңыз.



Маңызды:

- Өнімнің алу режимін **Auto** деп орнатыңыз.
➔ ["Қабылдау режимін реттеу" бетте 101](#)
- Компьютерді ұйқы режиміне кіргізбеуге тырысыңыз. Компьютер ұйқы режимінде қалса немесе өшірілсе, өнім алынған құжаттарды уақытша сақтайды және факстарды жіберу және алуды өшіретін жад толы қатесіне әкелуі мүмкін. WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін өнім құжаттарды уақытша сақтап жатқанда сақталмаған тапсырмалар саны басты экрандағы факс режимі белгішесінде көрсетіледі.
➔ ["Өңделмеген алынбаған факстар туралы хабарландыру \(тек WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін\)" бетте 109](#)

Факс жіберу

- 1 Өнімге қосылған компьютерде FAX Utility құралын іске қосыңыз.

Windows:

Start (Бастау) түймешігін басыңыз (Windows 7 және Vista) немесе Start (Бастау) түймешігін басыңыз (Windows XP), All Programs (Барлық бағдарламалар) тармағына нұсқаңыз, Epson Software тармағын таңдаңыз, содан кейін FAX Utility бағдарламасын басыңыз.

Windows 8 үшін Start (Бастау) экранында тінтуірдің оң жақ түймешігін басыңыз я болмаса Start (Бастау) экранында төменгі немесе жоғарғы жиектен жанап өтіп, All apps (Барлық қолданбалар) > Epson Software > FAX Utility тармағын таңдаңыз. (Сервердің операциялық жүйесіне қолдау көрсетілмейді.)

Mac OS X:

System Preference (Жүйе параметрлері) тармағын басыңыз, Print & Fax (Басып шығару және факс) немесе Print & Scan (Басып шығару және сканерлеу) тармағын басыңыз, содан кейін Printer (Принтер) тармағынан FAX (ФАКС) (өніміңіз) параметрін таңдаңыз. Содан кейін төмендегідей басыңыз;

Mac OS X 10.6.x, 10.7.x, 10.8.x: Option & Supplies (Параметрлер және шығын материалдары) — Utility (Қызметтік бағдарлама) — Open Printer Utility (Принтер қызметтік бағдарламасын ашу)
Mac OS X 10.5.8: Open Print Queue (Баспа кезегін ашу) — Utility (Қызметтік бағдарлама)

- 2 FAX Utility бағдарламасының параметрлер экранын ашыңыз.

Windows:

Fax Settings for Printer > Received Fax Output Settings тармағын таңдаңыз.

Mac OS X:

Fax Receive Monitor пәрменін басып, өнімді таңдаңыз да, **Received Fax Output Settings** тармағын басыңыз.

- 3 **Save faxes on this computer** параметрін басып, алынған құжаттарды сақтау қалтасын көрсетіңіз.

- 4 Қажетінше басқа параметрлерді орнатыңыз да, параметрлерді өнімге жіберіңіз.

Ескертпе:

Элементтерді орнату және процедура туралы мәліметтер алу үшін FAX Utility анықтамасын қараңыз.

- 5 Өнімнің басқару тақтасында **Setup** тармағына кіріңіз.

- 6 **System Administration > Fax Settings > Output Settings > Fax Output** тармағын таңдаңыз.

- 7 Ағымдағы параметр көрсетіледі. Өнім факстарды компьютерде сақтауға орнатылғанын тексеріңіз (**Save to Computer**). Компьютерде сақтап жатқанда алынған құжаттарды автоматты түрде басып шығарғыңыз келсе, **Settings** түймесін басып, келесі қадамға өтіңіз.

Факс жіберу

8

Save to Computer > Yes and Print тармағын таңдаңыз.

Ескертпе:

Алынған құжатты компьютерде сақтауды тоқтату үшін компьютерде **Save to Computer** параметрін **No** мәніне орнатыңыз. Сондай-ақ, параметрді өзгерту үшін FAX Utility бағдарламасын пайдалануға болады, дегенмен, компьютерде сақталмаған алынған факстар бар кезде FAX Utility бағдарламасынан өзгертуге рұқсат етілмейді.

Алынған факстарды қайта жіберу

Алынған құжаттарды басқа факс құрылғысына қайта жіберуді немесе құжаттарды PDF пішіміне түрлендіруді және желідегі ортақ қалтаға немесе электрондық пошта мекенжайына қайта жіберуді орнатуға болады. Қайта жіберілген құжаттар өнімнен жойылады. Алдымен контактілер тізіміне қайта жіберу белгіленген орындарын тіркеңіз.

➔ ["Контактілер тізімінің параметрлерін орнату" бетте 113](#)

Басқа факс құрылғысына алынған факстарды қайта жіберу туралы ескертпе:
түсті құжаттарды басқа факс құрылғысына қайта жіберу мүмкін емес. Олар қайта жіберілмеген құжаттар ретінде өңделеді.

Алынған факстарды электрондық пошта мекенжайына немесе желілік қалтаға қайта жіберу туралы ескертпелер:

- түсті құжаттарды басқа факс құрылғысына қайта жіберу мүмкін емес. Олар қайта жіберілмеген құжаттар ретінде өңделеді.
- Өнімге байланысты алынған факстарды электрондық пошта мекенжайына немесе қалтаға қайта жіберуге қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
➔ ["Қол жетімді мүмкіндіктер" бетте 9](#)
- Бұл мүмкіндікті пайдалану алдында келесі параметрлер конфигурацияланғанын тексеріңіз.
 - Электрондық пошта серверінің параметрлерін конфигурациялаңыз.
➔ ["Электрондық пошта серверінің параметрлері" бетте 154](#)
 - Дұрыс Date/Time және Time Difference параметрлерін енгізіңіз. Мәзірлерге Home (Басты) мәзірінде **Setup > System Administration > Common Settings** тармағынан кіріңіз.

1

Home (Басты) мәзірінен **Setup** тармағына кіріңіз.

2

System Administration > Fax Settings > Output Settings > Fax Output тармағын таңдаңыз.

3

Экранда көрсетілген ағымдағы параметрлерді тексеріп, **Settings** түймесін басыңыз.

4

Forward > Yes тармағын таңдаңыз.

Ескертпе:

қайта жіберу кезінде құжаттарды автоматты түрде басып шығару үшін **Yes and Print** пәрменін таңдаңыз.

Факс жіберу

5 **Other Settings > Where to Forward** тармағын таңдаңыз.

6 Контактілер тізімінен қайта жіберудің белгіленген орындарын таңдаңыз.

Ескертпе:

- контактілерді өнім мүмкіндігі бойынша сұрыптау үшін **View** түймесін басыңыз.*
- Беске дейін қайта жіберу белгіленген орындарын көрсетуге болады. Белгіленген орынды таңдау үшін құсбелгіні қойыңыз. Таңдауды болдырмау үшін құсбелгіні алыңыз.*

7 Қайта жіберу белгіленген орындарын таңдауды аяқтағанда **Proceed** түймесін басыңыз.

8 Сіз таңдаған қайта жіберу белгіленген орындары дұрыс екенін тексеріңіз де, **Close** түймесін басыңыз.

9 **Options When Forwarding Failed** тармағын таңдаңыз.

10 Қайта жіберу сәтсіз аяқталғанда алынған құжаттарды басып шығаруды немесе өнімнің **Inbox** қалтасында сақтауды таңдаңыз.



Маңызды:

*қайта жіберу сәтсіз аяқталған құжаттарды **Inbox** қалтасында сақтауды орнатсаңыз, тексерілгеннен кейін құжаттарды **Inbox** қалтасынан жою керек. WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін күтудегі немесе қайта жіберу сәтсіз аяқталған құжаттар бар кезде сақталмаған тапсырмалар саны басты экрандағы факс режимі белгішесінде көрсетіледі.*

- ➔ *"Алынған факстарды СҚД экранында көру" бетте 103*
- ➔ *"Өңделмеген алынбаған факстар туралы хабарландыру (тек WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін)" бетте 109*

11 Электрондық пошта мекенжайына қайта жібергенде электрондық хабар тақырыбын көрсетуге болады. **Email Subject to Forward** пәрменін таңдап, тақырыпты енгізіңіз.

Ескертпе:

- Қайта жіберудің белгіленген орны ретінде желідегі ортақ қалтаны немесе электрондық пошта мекенжайын таңдасаңыз, сканерлеу режимінде сканерленген кескінді белгіленген орынға жібере алатыныңызды тексеру ұсынылады. Home (Басты) мәзірінде **Scan > Email** немесе **Scan > Network Folder/FTP** тармағын таңдаңыз, белгіленген орынды таңдаңыз да, сканерлеуді бастаңыз.*
 - ➔ *"Қалтаға сканерлеу" бетте 73*
 - ➔ *"Электрондық поштаға сканерлеу" бетте 73*
- Алынған құжаттар желідегі ортақ қалтаға сақталса, Windows компьютерінде жаңа факс туралы хабарландыруды алуды орнатуға болады. Параметрлерді орнату үшін FAX Utility бағдарламасын пайдаланыңыз. Мәліметтер алу үшін FAX Utility анықтамасын қараңыз.*

Факсті сұрау арқылы қабылдау

Бұл сіз қоңырау шалған факс ақпараттық қызметінен факс алуға мүмкіндік береді.


Факс жіберу

- 1 Қағазды жүктеңіз. Fax Output параметрінде өнімді қабылданған факстарды басып шығармауға орнатқан болсаңыз, бұл қадамды өткізіп жіберіңіз.
➔ "Қағаз құндағына қағаз жүктеу" бетте 36
- 2 Home мәзірінен **Fax** режиміне кіріңіз.
- 3 **Menu** түймешігін басыңыз да, **Polling Receive** параметрін таңдаңыз.
- 4 **On** күйін таңдаңыз.
- 5 Факс нөмірін енгізіңіз.
- 6 Факс қабылдауды бастау үшін **Color** немесе **B&W** түймешігін басыңыз.

Факсты қолмен қабылдау

Егер телефон өнімге қосылған болса және Receive Mode режимі Manual деп орнатылған болса, факс деректерін қосылым орнатылғаннан кейін қабылдай аласыз.

- 1 Қағазды жүктеңіз. Fax Output параметрінде өнімді қабылданған факстарды басып шығармауға орнатқан болсаңыз, бұл қадамды өткізіп жіберіңіз.
➔ "Қағаз құндағына қағаз жүктеу" бетте 36
- 2 Телефонға қоңырау келгенде, телефонды өнімге қосылған күйде қалдырыңыз.



- 3 Факс үнін естігенде өнімнің СКД экранында **Start Fax** түймешігін басыңыз.
- 4 **Receive** пәрменін таңдаңыз.
- 5 Факсты қабылдау үшін **Color** немесе **B&W** түймешігін басыңыз, содан кейін телефонды қайтадан іліңіз.

Ескертпе:

Remote Receive функциясы өнімді пайдаланудың орнына телефонды пайдаланып факстарды қабылдауды бастауға мүмкіндік береді. Осы функцияны қосыңыз және Start Code орнатыңыз. Егер сымсыз тұтқамен басқа бөлмеде болсаңыз, факсты қабылдауды жай тұтқаны пайдаланып кодты енгізу арқылы бастай аласыз.

➔ *Setup > System Administration > Fax Settings > Receive Settings > Remote Receive*

Факс тапсырмаларының күйін және журналын тексеру

Өңделмеген алынбаған факстар туралы хабарландыру (тек WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін)

Өңделмеген алынбаған құжаттар бар болса, өңделмеген тапсырмалардың саны басты экрандағы факс режимі белгішесінде көрсетіледі. «өңделмеген» сөзінің анықтамасын төмендегі кестеден қараңыз.



Ескертпе:

Егер факс шығысы параметрлерінің бірнешеуін пайдаланып жатсаңыз, өңделмеген тапсырмалар саны тіпті бір факс алынған болса да, «2» немесе «3» ретінде көрсетілуі мүмкін. Мысалы, факстарды **Inbox** қалтасында және компьютерде алуды орнатсаңыз және бір факс алынса, факс **Inbox** қалтасында және компьютерде сақталмаса, өңделмеген тапсырмалар саны «2» ретінде көрсетіледі.

Алынған факс шығысы параметрі	Өңделмеген күйі
Басып шығару*1	Алынған құжаттар басып шығаруды күтеду немесе басып шығару орындалуда.
Inbox қалтасында сақтау	Inbox қалтасында оқылмаған алынған құжаттар бар. ➔ “Алынған факстарды Inbox қалтасында сақтау” бетте 102
Сыртқы жад құрылғысында сақтау	Құрылғыда сақталмаған алынған құжаттар бар, өйткені өнімге қосылған алынған құжаттарды сақтау үшін немесе басқа себептермен жасалған арнайы қалтаны қамтитын құрылғы жоқ. ➔ “Алынған факстарды сыртқы жад құрылғысында сақтау” бетте 103 ➔ “Алынған факстарды СҚД экранында көру” бетте 103
Компьютерде сақтау	Компьютерде сақталмаған алынған құжаттар бар, өйткені компьютер ұйқы режимінде немесе басқа себептермен. ➔ “Алынған факстарды компьютерде сақтау” бетте 104 ➔ “Ағымдағы немесе күтудегі факс тапсырмаларын тексеру” бетте 110

Факс жіберу

Алынған факс шығысы параметрі	Өңделмеген күйі
Қайта жіберу	Қайта жіберілмеген немесе қайта жіберу сәтсіз аяқталған алынған құжаттар бар* ² . → "Алынған факстарды қайта жіберу" бетте 106

*1Факс шығысы параметрлерінің ешқайсысын орнатпасаңыз немесе сыртқы жад құрылғысында немесе компьютерде сақтау кезінде алынған құжаттарды басып шығаруды орнатсаңыз.

*2**Inbox** қалтасында қайта жіберу мүмкін болмаған құжаттарды сақтауды орнатқанда, **Inbox** қалтасында қайта жіберу сәтсіз аяқталған оқылмаған құжаттар бар болғанда. Қайта жіберу сәтсіз аяқталған құжаттарды басып шығаруды орнатқанда, басып шығару аяқталмағанда.

Күй мәзірін пайдалану

Ағымдағы немесе күтудегі факс тапсырмаларын тексеру

Job Monitor мәзірінен келесі әрекеттерді орындауға болады.

- Ағымдағы немесе жіберуді күтудегі факс тапсырмаларын тексеру және болдырмау.
- Сканерленген құжатты Store Fax Data функциясын пайдаланып жіберу немесе жою.
- Сауалдама қызметтері үшін сканерленген құжатты жою.
- Save Failure Data параметрі қосылған болса, жіберілмеген факстарды қайта жіберу немесе жою.
- Принтер жадында уақытша сақталған және әлі сыртқы жад құрылғысында немесе компьютерде сақталмаған алынған факстар бар-жоғын тексеріңіз.

Мәзірге қатынасу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында **i** түймесін басыңыз.
- 2 **Job Monitor** тармағын, содан кейін **Communication Job** немесе **Print Job** тармағын таңдаңыз.
- 3 Тізімнен мақсатты тапсырманы таңдаңыз.
Қол жетімді әрекеттер көрсетілген егжей-тегжейлі ақпарат экраны көрсетіледі.

Жіберілген/қабылдаған факс тапсырмаларын тексеру

Жіберілген немесе қабылданған факс тапсырмаларының журналын тексеруге болады. Сондай-ақ, қабылданған факстарды қайта басып шығаруға болады. Шекке жеткенде ең ескі журнал жазбасы бірінші жойылады. Мәзірге қатынасу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында **i** түймесін басыңыз.
- 2 **Job History** тармағын, содан кейін **Receive Job** немесе **Send Job** тармағын таңдаңыз.

Факс жіберу

- Тізімнен мақсатты тапсырманы таңдаңыз.
Қол жетімді әрекеттер көрсетілген егжей-тегжейлі ақпарат экраны көрсетіледі.

Алынған факстарды Inbox қалтасында тексеру

Өнім жадында (**Inbox**) сақталған қабылданған факстарды көруге болады. Басқару тақтасында **i** түймешігін басып, **Job Storage** тармағын, содан кейін **Inbox** тармағын таңдаңыз.

Сондай-ақ, Inbox ішіне Fax режимінен қатынасуға болады.

→ [“Алынған факстарды СКД экранында көру” бетте 103](#)

Факс есебін басып шығару

Факс журналын автоматты басып шығару

Факс журналы есебін автоматты түрде басып шығаруға реттеуге болады.

- Home мәзірінен **Setup** режиміне кіріңіз.
- System Administration** тармағын таңдаңыз.
- Fax Settings** тармағын таңдаңыз.
- Output Settings** тармағын таңдаңыз.
- Fax Log Auto Print** тармағын таңдаңыз.
- Автоматты басып шығару үшін екі параметрдің біреуін таңдаңыз.
 - Off**
Есеп автоматты түрде басып шығарылмайды.
 - On(Every 30)**
Есеп 30 жіберілген/қабылданған факс тапсырмасы аяқталған сайын автоматты түрде басып шығарылады.
 - On(Time)**
Есепті автоматты басып шығару уақытын көрсетуге болады.

Факс есебін қолмен басып шығару

Қажет болса, әр түрлі факс есептерін басып шығаруға болады.

- Home мәзірінен **Fax** режиміне кіріңіз.
- Menu** түймешігін басып, **Fax Report** тармағын таңдаңыз да, басып шығару керек келесі элементтердің біреуін таңдаңыз.

Факс жіберу

- ❑ **Fax Settings List**
Ағымдағы факс байланысу параметрлерін басып шығарады.
- ❑ **Fax Log**
Жіберілген және қабылданған факс тапсырмаларының журналын көрсетеді немесе басып шығарады.
- ❑ **Last Transmission**
Сауалдама арқылы жіберілген немесе қабылданған алдыңғы факс үшін есепті басып шығарады.
- ❑ **Stored Fax Documents**
Қазіргі уақытта өнім жадында сақталған факс тапсырмаларының тізімін басып шығарады.
- ❑ **Protocol Trace**
Жіберілген немесе қабылданған алдыңғы факс үшін егжей-тегжейлі есепті басып шығарады.

Факс режимі мәзірінің тізімдері

Факс режимі мәзірінің тізімдері туралы қосымша ақпаратты келесі бөлімнен қараңыз.

➔ ["Факс режимі" бетте 119](#)

Контактілер тізімінің параметрлерін орнату

Контактіні жасау

Жиі пайдаланылатын факс нөмірлерін, электрондық пошта мекенжайларын және желілік қалталарды контактілер тізімінде тіркеуге болады. Бұл функция факс жіберу және сканерлеу кезінде белгіленген орын (дар)ды жылдам таңдауға мүмкіндік береді.

WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін ескертпе:

Белгіленген орындарды LDAP серверін пайдаланып тіркеуге болады. Мәліметтерді желідегі Әкімші нұсқаулығы қараңыз.

Ескертпе:

Электрондық пошта мекенжайын контактілер тізіміне тіркеместен бұрын электрондық пошта сервері параметрлерін теңшегеніңізге көз жеткізіңіз.

➔ ["Электрондық пошта серверінің параметрлері" бетте 154](#)

- 1 Контактілер тізімін Home мәзірінен, Scan режимінде немесе Fax режимінде ашыңыз.

WF-3620 сериясы/WF-3640 сериясы үшін ескертпе:

Contacts параметріне Scan режимінен немесе Fax режимінен қатынаса аласыз.

- 2 **Menu** түймешігін басыңыз.

- 3 **Add Entry** пәрменін таңдаңыз.

- 4 Контактіні тіркеу үшін пайдаланғыңыз келетін функцияны таңдаңыз.

Ескертпе:

Бұл экран Home мәзірінен контактілер тізімін ашқанда көрсетіледі.

- 5 Тіркеу керек жазба нөмірін таңдаңыз.

Ескертпе:

Келесі жазбалар санын, соның ішінде, жеке жазбаларды және топтық жазбаларды тіркеуге болады.

WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы: 200 жазбаға дейін

WF-3620/WF-3640 сериясы: 100 жазбаға дейін

- 6 Name өрісінде жазбаны анықтайтын атауды енгізіңіз. 30 таңбаға дейін енгізуге болады.

Контактілер тізімінің параметрлерін орнату

7 Index Word өрісінде жазбаны анықтайтын сөзді енгізіңіз. 30 таңбаға дейін енгізуге болады. Бұл индекстік сөз жазбаны контактілер тізімінде іздегенде пайдалы болады.

8 Таңдалған функцияға сай басқа параметрлерді енгізіңіз.

Факс нөмірлері үшін ескертпе:

- Факс нөмірін енгізу керек. 64 цифрға дейін енгізуге болады.
- Егер телефон жүйесі PBX болса және сыртқы желіге шығу үшін "9" сияқты сыртқы қатынас коды қажет болса, факс нөмірінің алдында қатынас кодын енгізіңіз. Егер Line Type параметрінде қатынас коды орнатылған болса, нақты қатынас кодының орнына # (тор белгішесі) енгізіңіз.
- Теру кезінде өнімді бірнеше секундқа кідірту үшін дефисті енгізіңіз.

9 Тіркеуді аяқтау үшін **Save** түймешігін басыңыз.

Ескертпе:

Жазбаны өңдеу немесе жою үшін мақсатты жазбаның оң жағында ақпарат белгішесін басыңыз, содан кейін **Edit** немесе **Delete** түймесін басыңыз.

WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы үшін ескертпе:

Өнімнің жергілікті контактілер тізіміндегі LDAP серверінде тіркелген мекенжайды тіркеуге болады. Жазбаны көрсетіңіз де, **Save** түймесін басыңыз.

Топты жасау

Контактілерді топ тізіміне қосу арқылы факсты немесе сканерленген кескінді электрондық пошта арқылы бірнеше белгіленген орынға бір уақытта жібере аласыз.

1 Контактілер тізімін Home мәзірінен, Scan режимінде немесе Fax режимінде ашыңыз.

WF-3620 сериясы/WF-3640 сериясы үшін ескертпе:

Contacts параметріне Scan режимінен немесе Fax режимінен қатынаса аласыз.

2 **Menu** түймешігін басыңыз.

3 **Add Group** пәрменін таңдаңыз.

4 Топ жазбасын тіркеу үшін пайдаланғыңыз келетін функцияны таңдаңыз.

Ескертпе:

Бұл экран Home мәзірінен контактілер тізімін ашқанда көрсетіледі.

Контактілер тізімінің параметрлерін орнату

5 Тіркеу керек жазба нөмірін таңдаңыз.

Ескертпе:

Келесі жазбалар санын, соның ішінде, жеке жазбаларды және топтық жазбаларды тіркеуге болады.

WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы: 200 жазбаға дейін

WF-3620/WF-3640 сериясы: 100 жазбаға дейін

6 Name өрісінде топ жазбасын анықтайтын атауды енгізіңіз. 30 таңбаға дейін енгізуге болады.

7 Index Word өрісінде жазбаны анықтайтын сөзді енгізіңіз. 30 таңбаға дейін енгізуге болады. Бұл индекстік сөз жазбаны контактілер тізімінде іздегенде пайдалы болады.

8 **Proceed** түймешігін басыңыз.

9 Топ тізіміне тіркегіңіз келетін жазбаны таңдаңыз.

10 Тіркеуді аяқтау үшін **Save** түймешігін басыңыз.

Ескертпе:

*Бар жазбаны жою немесе өңдеу үшін контактілер тізімі экранында мақсатты жазбаның атауы бөлімін басыңыз да, **Delete** немесе **Edit** пәрменін таңдаңыз.*

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Осы өнімді принтер, көшіргіш құрылғы, сканер және факс сияқты пайдалануға болады. Принтер функциясынан басқа осы функциялардың бірін пайдаланғанда басқару тақтасындағы сәйкес келетін Режим түймесін басып қажетті функцияны таңдаңыз. Әр режимнің басты экраны режимді таңдағанда пайда болады.

Сору режимі

Ескертпе:

- Элементтерді орнату Layout немесе таңдалған басқа да параметрлерге байланысты болады.
- Мәзір иерархиясы өнімге байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Мәзір	Параметрлер және сипаттама	
Layout	With Border	Құжатты жиегімен көшіреді.
	Borderless	Құжатты жиексіз көшіреді. Қағаз парағын толтыру үшін сурет кішкене үлкейтілген. Басып шығару сапасы басып шығарылатын материалдарының жоғарғы және төменгі аймақтарында төмендеуі мүмкін немесе басып шығару кезінде аймақ дақ болып қалуы мүмкін.
	2-up	Бірнеше беттік құжаттарды бір параққа көшіреді. Параметрлердің біреуін таңдағаннан кейін Settings түймешігін басып, Document Orientation және Layout Order тармағында тиісті параметрді таңдаңыз.
	4-up	
	ID Card	Идентификациялық картаның екі жағын бір уақытта көшіреді.
Split Pages*	Кітаптың екі беттес жағын қағаздың бөлек беттерінде көшіреді. Осы функцияны таңдағаннан кейін Settings түймешігін басыңыз да, Scan Order тармағындағы сәйкес параметрді таңдаңыз.	
Document Size	Көшірілетін құжат өлшемін таңдаңыз.	
Zoom	Үлкейту немесе кішірейту көлемін таңдаңыз.	
Paper Source	Пайдаланғыңыз келетін қағаз көзін таңдаңыз. Auto параметрін таңдағанда қағазды қағаз құндағына жүктеген сайын қажетті қағаз параметрлеріне сәйкес қағаз автоматты түрде салынады.	
2-Sided	Екі жақты орналасуды таңдаңыз. 1>2-Sided немесе 2>1-Sided тармағын таңдағанда, Advanced түймешігін басыңыз да, түптеу жиегін таңдаңыз.	
Document Orientation	Құжат бағдарын таңдаңыз.	
Quality	Құжат түрін таңдаңыз.	
Density	Тығыздықты таңдаңыз.	

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Мәзір	Параметрлер және сипаттама
Expansion	Borderless параметрі Layout параметрі ретінде таңдалғаннан кейін жаю көлемін таңдаңыз.
Remove Shadow	Кітапты көшіргенде құжат ортасында пайда болатын немесе қалың қағазды көшіру кезінде құжат айналасында пайда болатын көлеңкелерді өшіру үшін On күйін таңдаңыз.
Remove Punch Holes	Құжаттағы түптеу тесіктерін өшіру үшін On күйін таңдаңыз.
Collate Copy	Реттегі бірінші беттік құжаттың бірнеше көшірмесін басып шығару және оларды жиындарға сұрыптау үшін On күйін таңдаңыз.
Dry Time	Екі жақта көшіру кезінде кебу уақытын таңдаңыз.

* Бұл функцияға тек WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы ғана қолдау көрсетеді.

Memory Device режимі

Ескертпе:

Параметр элементі басып шығару пішіміне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

Format

Мәзір	Параметрлер және сипаттама
JPEG	Файл пішімін таңдаңыз.
TIFF	

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Advanced Settings

Мәзір	Параметрлер және сипаттама	
Settings	Paper Source	Пайдаланғыңыз келетін қағаз көзін таңдаңыз.
	Borderless	Суретті жиекпен не жиексіз (Borderless) басып шығару параметрін таңдаңыз. Borderless немесе On параметрін таңдағанда, суретіңіз кішкене үлкейеді және қағаз парағына сәйкес болу үшін кесіледі. Басып шығару сапасы басып шығарылатын материалдарының жоғарғы және төменгі аймақтарында төмендеуі мүмкін немесе басып шығару кезінде аймақ дақ болып қалуы мүмкін.
	Layout	
	Quality	Қағаз сапасын таңдаңыз.
	Expansion	Borderless пішімін таңдағанда жаю көлемін таңдаңыз.
	Date	Басылатын материалдардағы күннің пішімін таңдаңыз.
	Fit Frame	Кескінді қағаз өлшеміне сыйдыру үшін On күйін таңдаңыз.
	Bidirectional	Екі бағытты басып шығаруды орындау үшін On күйін таңдаңыз.
	Print Order	Құжаттың соңғы бетінен басып шығару үшін Last Page on Top параметрін таңдаңыз. Құжаттың бірінші бетінен басып шығару үшін First Page on Top параметрін таңдаңыз.
Image Adjustments	Fix Photo	Кескінді түзету әдісін таңдаңыз.
	Fix Red-Eye*	Қызыл көз бар суретті автоматты түрде түзету үшін On күйін таңдаңыз.
Options	Select Images	Мұны сыртқы жад құрылғысында барлық суреттерді таңдау үшін таңдаңыз.
	Select Group	Мұны сыртқы жад құрылғысында басқа топты таңдау үшін таңдаңыз.

* Бұл параметр бастапқы суретті өзгертпейді. Ол тек қана басып шығарылатын параққа әсер етеді. Фотосуреттің түріне байланысты көздерден басқа сурет бөліктерін түзетуге болады.

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Факс режимі

Мәзір	Параметр және опциялар		
Menu	Fax Send Settings	Resolution	Шығыс факс ажыратымдылығын таңдаңыз. Көп кескіндерді қамтитын құжаттар үшін Photo параметрін таңдаңыз.
		Density	Шығыс факс тығыздығын таңдаңыз. Мәтіндік монохромды құжаттарды жіберген кезде Auto параметрін таңдаңыз.
		Document Size (Glass)	Сканер әйнегіне қойған құжаттың өлшемні және бағдарын таңдаңыз.
		ADF 2-Sided	ADF ішіне қойылған құжаттардың екі жағын да сканерлеу үшін On күйін таңдаңыз. Бұл параметр On күйіне орнатылған болса, Direct Send опциясы және түсті факс жіберу өшіріледі.
		Direct Send	Өнімге қосылым орнатыла сала сканерленген кескінді жадында сақтамастан монохромды факс жіберуге мүмкіндік беру үшін On күйін таңдаңыз. ➔ "Пайдалы факс мүмкіндіктерін пайдалану" бетте 96
		Priority Send	Жіберу күтілудегі басқа факстар алдында факсты жіберу үшін On күйін таңдаңыз. ➔ "Пайдалы факс мүмкіндіктерін пайдалану" бетте 96
		Continuous Scan from ADF	Өнімге ADF ішіндегі құжаттарды сканерлеу аяқталған сайын басқа бетті сканерлеу қажеттілігі туралы сұрауға мүмкіндік беру үшін On күйін таңдаңыз. ➔ "Пайдалы факс мүмкіндіктерін пайдалану" бетте 96
		Transmission Report	Факсты жіберу аяқталған сайын есепті басып шығару-шығармауды таңдаңыз. Әдепкі бойынша, өнім есепті қате орын алғанда ғана басып шығарады.
	Send Fax Later	➔ "Факсты көрсетілген уақытта жіберу" бетте 97	
	Polling Receive	➔ "Факсті сұрау арқылы қабылдау" бетте 107	
	Polling Send	➔ "Факсты талап бойынша жіберу (факсті сұрау арқылы алу)" бетте 98	
	Store Fax Data	➔ "Сақталған факсты жіберу" бетте 99	
Fax Report	➔ "Факс есебін қолмен басып шығару" бетте 111		

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Scan режимі

Ескертпе:

- Өнімге байланысты Scan to Network Folder/FTP және Scan to Email функцияларына қолдау көрсетілмеуі мүмкін. Қосымша мәліметтерді келесі бөлімнен қараңыз.
➔ ["Қол жетімді мүмкіндіктер" бетте 9](#)
- Параметр элементі мәзірге байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

Scan to Memory Device

Мәзір	Параметрлер және сипаттама
Format	Сканерленген кескін үшін файл пішімін таңдаңыз. TIFF (Multi Page) пішімін таңдағанда кескін монохромды түсте сканерленеді.
Settings	Scan to Email мәзірінің тізімін қараңыз.

Scan to Network Folder/FTP

Мәзір	Параметрлер және сипаттама	
Location	Communication Mode	Байланыс режимін таңдаңыз.
	Location	Сканерленген деректерді сақтау үшін қалта жолын көрсетіңіз.
	User Name	Көрсетілен қалта үшін пайдаланушы атын енгізіңіз.
	Password	Көрсетілен қалта үшін құпия сөзді енгізіңіз.
	Connection Mode	Қосылым режимін таңдаңыз.
	Port Number	Порт нөмірін енгізіңіз.
Format	Сканерленген кескін үшін файл пішімін таңдаңыз. TIFF (Multi Page) пішімін таңдағанда кескін монохромды түсте сканерленеді.	
Menu	File Settings	Filename Prefix өрісінде файл атауы үшін префиксті енгізіңіз.
	Basic Settings	Scan to Email мәзірінің тізімін қараңыз.
	Scan Report	Сканерлеу күнін, орынды және сканерлеу нәтижесін қамтитын 30-ға дейін қалта журналдарының есебін басып шығарады.

Scan to Email

Мәзір	Параметрлер және сипаттама
Format	Сканерленген кескін үшін файл пішімін таңдаңыз. TIFF (Single Page) немесе TIFF (Multi Page) пішімін таңдағанда кескін монохромды түсте сканерленеді.

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Мәзір	Параметрлер және сипаттама		
Menu	Email Settings	Subject	Сканерленген файлды тіркегіңіз келетін электрондық хабар тақырыбын енгізіңіз.
		Filename Prefix	Файл атауы үшін префиксті енгізіңіз.
	Basic Settings	Resolution	Сканерлеу ажыратымдылығын таңдаңыз.
		Scan Area	Сканерлеу аумағын таңдаңыз.
		2-Sided	Екі жақты құжатты сканерлеу қажет болса, On күйін таңдаңыз.
		Document Type	Құжат түрін таңдаңыз.
		Density	Тығыздықты таңдаңыз.
		Document Orientation	Құжат бағдарын таңдаңыз.
		Compression Ratio	Сканерленген деректердің сығымдалы қатынасын таңдаңыз.
		PDF Settings	Құпия сөзбен қорғалған PDF файлдары үшін параметрлерді орнатыңыз. Document Open Password параметрі ашу үшін құпия сөзді қажет ететін PDF файлын жасайды. Permissions Password PDF файлын басып шығару немесе өңдеу кезінде құпия сөзді қажет ететін PDF файлын жасайды.
	Attached File Max Size	Тіркелген файлдың ең үлкен өлшемін таңдаңыз. Үлкен файлдарды жиі жіберсеңіз, үлкенірек өлшемді таңдаңыз.	
Scan Report	Сканерлеу күнін, мекенжайды және сканерлеу нәтижесін қамтитын 250-ге дейін электрондық пошта журналдарының есебін басып шығарады.		

Scan to Computer

Мәзір	Параметрлер және сипаттама
Format	Сканерленген кескін үшін файл пішімін таңдаңыз. Сканерленген деректерді электрондық поштаға немесе компьютерге тіркеу үшін Email параметрін таңдаңыз.
2-Sided	Екі жақты құжатты сканерлеу қажет болса, On күйін таңдаңыз.
Scan Area*	Сканерлеу аумағын таңдаңыз.

* Бұл функцияға тек WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы ғана қолдау көрсетеді.

Scan to Computer (WSD)

Windows 8/7/Vista жүйелері орнатылған компьютерлерде қол жетімді.

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Scan to Cloud

Scan to Cloud пайдалану туралы нұсқаулар алу үшін Epson Connect портал сайтына кіріңіз.

➔ ["Epson Connect қызметін пайдалану" бетте 11](#)

Setup режимі

Мәзір	Параметрлер және сипаттама		
Ink Levels	Сия картридждерінің күйін және пайдаланылған сияға арналған қорапты тексереді.		
Maintenance	Print Head Nozzle Check	Басып шығару механизмі саңылауларының бітілген-бітелмегенін тексеру үшін тексеру үлгісін басып шығарады.	
	Print Head Cleaning	Бітелген саңылауларды тазалау үшін басып шығару механизмін тазалайды.	
	Ink Cartridge(s) Replacement	Сия картриджін ауыстыру процедурасын бастайды.	
	Print Head Alignment	Vertical Alignment	Басылған материалдардағы тік саңылауларды түзетеді.
		Horizontal Alignment	Басылған материалдардағы көлденең саңылауларды түзетеді.
	Thick Paper	Жағылуды болдырмау үшін қалың қағазда басып шығарғанда On күйін таңдаңыз.	
	Paper Guide Cleaning	Бұл функцияны өнім ішін тазалау үшін орындаңыз.	
Remove Paper*	Қағаз кептелісін тазартқаннан кейін де өнім ішінде қағаздың қиылған бөліктері қалып қойса, осы функцияны орындаңыз.		
Paper Setup	Әр қағаз көзінде жүктелген қағаз өлшемін және қағаз түрін таңдаңыз. Бұл мәзір қағаз құндағына қағазды жүктеген сайын көрсетіледі.		
Print Status Sheet	Configuration Status Sheet	Ағымдағы принтер параметрлері көрсетілген парақты басып шығарады.	
	Supply Status Sheet	Шығын материалдары туралы ақпарат көрсетілген парақты басып шығарады.	
	Usage History Sheet	Принтерді пайдалану тарихы көрсетілген парақты басып шығарады.	
Network Status	Wi-Fi/Network Status	Ағымдағы желі параметрлерін көруге және желі күйінің парағын басып шығаруға болады.	
	Wi-Fi Direct Status		
	Email Server Status	Ағымдағы электрондық пошта серверінің параметрлерін көруге болады.	
	Epson Connect Status	Принтер Epson Connect немесе Google Cloud Print қызметінде тіркелген-тіркелмегенін немесе оған қосылған-қосылмағанын тексере аласыз. ➔ "Epson Connect қызметін пайдалану" бетте 11	
	Google Cloud Print Status		

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Мәзір	Параметрлер және сипаттама	
Admin Settings	Admin Password	Басқару тақтасы арқылы жасалған жанама өзгерістердің алдын алу үшін басқару тақтасын құлыптау мақсатында құпия сөзді тіркеп, өзгертіп не қалпына келтіре аласыз.
	Lock Setting	Admin Password тармағында тіркелген құпия сөзді пайдаланып басқару тақтасын құлыптау үшін On күйін таңдаңыз.
System Administration	➔ "System Administration Параметрлер" бетте 123	

* Бұл функцияға тек WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы ғана қолдау көрсетеді.

System Administration Параметрлер

Әкімші кездейсоқ өзгерістердің енгізілуін болдырмау үшін басқару тақтасын құлыптауға болады. Басқару тақтасын құлыптау үшін мәзірлерді төменде көрсетілгендей таңдаңыз да, құпия сөзді енгізіңіз.

Setup > Admin Settings > Lock Setting.

Төмендегі функцияларды пайдаланғанда құпия сөз қажет.

- Setup режимінде System Administration параметрлерін енгізу
- Басты мәзірден Eco Mode енгізіңіз.
- Preset параметрлерін және контактілер тізімін қосу, жою және өңдеу

Lock Setting тармағында орнатылған құпия сөз сонымен бірге Epson WebConfig немесе EpsonNet Config бағдарламасында параметрлерді орнатқан кезде қажет.

Ескертпе:

Құпиясөзді ұмытып қалсаңыз, дилерге хабарласыңыз.

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Мәзір	Параметрлер және сипаттама			
Printer Settings	Paper Source Settings	A4/Letter Auto Switching		A4 және Letter үшін қағаз параметрлерін орнатыңыз. Басып шығару үшін A4 немесе Letter қағаз өлшемі таңдалған болса, және таңдалған қағаз өлшемі үшін қағаз көзі болмаса, басылатын материал баламалы қағаз өлшемін (A4 үшін Letter немесе Letter үшін A4) пайдаланып шығарылады.
		Auto Select Settings		Қағаз параметрлеріне сай қағазды қамтитын қағаз көзінен қағазды беру үшін On күйін таңдаңыз. (Екі қағаз құндағы бар өнімдер үшін ғана.)
		Error Notice	Paper Size Notice	Әр құндақ үшін орнатылған қағаз өлшемі және түрі параметрлері және әр режимде орнатылған көшіру/басып шығару параметрлері сәйкес емес болса қате туралы хабарды көрсету үшін On күйін таңдаңыз.
			Paper Type Notice	
Auto Error Solver	Өнім қателерін автоматты түрде тазалау үшін On пәрменін таңдаңыз.			
Memory Device Interface	Memory Device	Жад құрылғысын өшіру үшін Disable параметрін таңдаңыз. Егер Disable параметрі таңдалған болса, өнім салынған жад құрылғысын танымайды.		
	File Sharing	Қандай компьютер түріне жад құрылғысына жазу қатынасын бергіңіз келетінін таңдаңыз. USB арқылы қосылған немесе желі арқылы қосылған компьютерді таңдауға болады.		
PC Connection via USB	USB интерфейсін қосу немесе өшіруді таңдаңыз. Егер Disable параметрі таңдалған болса, компьютер тіпті USB кабелін пайдаланып қосылған болса да өнімді танымайды.			

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Мәзір	Параметрлер және сипаттама		
Common Settings	LCD Brightness	СҚД тақтасының жарықтығын реттеңіз.	
	Sound	Дыбыс параметрлерін реттеңіз.	
	Sleep Timer	СҚД тақтасы қара болғанға дейінгі уақыт ұзақтығын көрсетіңіз.	
	Power Off Timer	Қуат автоматты түрде өшкенге дейінгі уақыт ұзақтығын көрсетіңіз. Қуатты басқару қолданылуы алдындағы уақытты реттеуге болады. Кез келген арту өнімнің қуат өнімділігіне әсер етеді. Қандай да бір өзгеріс енгізу алдында қоршаған ортаны ескеріңіз.	
	Date/Time Settings	Date/Time	Ағымдағы күнді және уақытты енгізіңіз.
		Daylight Saving Time	Жазғы уақытты орнату үшін On күйін таңдаңыз.
		Time Difference	UTC және ағымдағы уақыт белдеуі арасындағы уақыт айырмашылығын енгізіңіз.
	Country/Region	Ағымдағы елді/аймақты таңдаңыз.	
Language	Дисплей тілін таңдаңыз.		
Operation Time Out	Үш минут әрекетсіздіктен кейін Home мәзіріне оралу үшін On күйін таңдаңыз.		
Wi-Fi/Network Settings	Wi-Fi/Network Status		Ағымдағы желі параметрлерін көре аласыз және желілер күйінің парағын басып шығара аласыз.
	Wi-Fi Setup	Wi-Fi Setup Wizard	Параметр элементтері туралы мәліметтерді желідегі Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқау қараңыз.
		Push Button Setup (WPS)	
		PIN Code Setup (WPS)	
		Wi-Fi Auto Connect	
	Disable Wi-Fi	Желі ақаулықтарын Wi-Fi параметрлерін ажырату немесе баптандыру арқылы шешуге және одан кейін параметрлерді қайтадан орнатуға болады. Мәліметтерді желідегі Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқау қараңыз.	
	Wi-Fi Direct Setup	Параметр элементтері туралы мәліметтерді желідегі Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқау қараңыз.	
	Connection Check		Желілік қосылым күйін тексеріп, есепті басып шығаруға болады. Қосылым ақаулары пайда болса, есеп шешімді табуға мүмкіндік береді.
Advanced Setup		Параметр элементтері туралы мәліметтерді желідегі Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқау қараңыз.	

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Мәзір	Параметрлер және сипаттама			
Epson Connect Services	Нұсқауларды алу үшін Epson Connect нұсқаулығын қараңыз. ➔ "Epson Connect қызметін пайдалану" бетте 11			
Google Cloud Print Services				
Copy Settings	User Default Settings орнатыңыз. Бұл мәзірде орнатылған параметрлер әр режимде әдепкі параметрлер ретінде көрсетіледі. Параметрлердің элементтері туралы мәліметтерді әр режимнің мәзірлер тізімінен қараңыз. ➔ "Copy режимі" бетте 116 ➔ "Scan режимі" бетте 120			
Scan Settings				
Fax Settings	User Default Settings	Факс жіберудің әдепкі параметрлерін өзгертуге болады. Мәзірлер туралы қосымша ақпаратты төмендегі бөлімнен қараңыз. ➔ "Fax режимі" бетте 119		
	Send Settings	Auto Rotation*	Құжат А4 немесе хат өлшемімен жіберілуі үшін А4 немесе хат өлшемді құжаттың алдымен ADF жүктелгенде сканерленген құжатты 90 градусқа бұру үшін On түймешігін таңдаңыз. Егер осы опция өшірілген болса, құжат А3 өлшемімен жіберіледі. Егер алушының факс машинасы А3 өлшемін қолдамайтын болса, құжат автоматты түрде өлшемін азайтады. Бұл параметр Direct Send функциясы арқылы жіберілетін түсті факстер мен монохромды факстерге қолданылмайды.	
		Batch Send	Жадта жіберу күтілудегі факстарды алушы бойынша сұрыптау үшін On күйін таңдаңыз да, оларды бума ретінде жіберіңіз. ➔ "Пайдалы факс мүмкіндіктерін пайдалану" бетте 96	
		Save Failure Data	Өнім жадында жіберілмей қалған факстарды сақтау үшін On күйін таңдаңыз. Факстарды Status Menu тармағынан қайта жіберуге болады. ➔ "Күй мәзірін пайдалану" бетте 110	
	Receive Settings	Receive Mode	➔ "Қабылдау режимін реттеу" бетте 101	
		DRD	Келесі бөлімде 7-қадамды қараңыз. ➔ "Fax Setting Wizard мәзірін пайдалану" бетте 89	
		Rings to Answer	➔ "Жауап беретін қоңыраулар санын орнату" бетте 92	
		Remote Receive	Келесі бөлімдегі ескертпені қараңыз. ➔ "Факсты қолмен қабылдау" бетте 108	

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Мәзір	Параметрлер және сипаттама		
	Output Settings	Fax Output	➔ “Алынған факстарды сақтау және қайта жіберу” бетте 101
		Auto Reduction	Үлкен қабылданған факстардың өлшемі таңдалған қағаз құндағындағы қағаз өлшеміне сыйдыру үшін кішірейтілетінін немесе бірнеше парақта бастапқы өлшемінде басып шығарылатынын таңдаңыз.
		Auto Rotation	Келесі қағаз өлшемдерін қағаз құндақтарында жүктеген болсаңыз, оның дұрыс қағаз өлшемінде басып шығарылуы үшін пейзаждық кіріс факсын (A5, B5 немесе A4 өлшемі) бұру үшін On параметрін таңдаңыз. Бір құндақты өнімдер үшін: A5 Екі құндақты өнімдер үшін: A4 және A5, B4 және B5* немесе A3 және A4* *Бұл тіркесімдер тек WF-7620 сериясы үшін ғана қол жетімді.
		Collation Stack	Басылған құжаттар дұрыс бет ретімен жиналуы үшін қабылданған факстарды соңғы беттен басып шығару (кемуі ретімен басып шығару) үшін On күйін таңдаңыз. Өнімнің жады таусылып жатқанда бұл параметр қол жетімді болмауы мүмкін.
		Print Suspend Time	Факстарды немесе есептерді автоматты басып шығаруды тоқтататын уақыт кезеңін таңдаңыз. Қабылданған факстар өнім жадында сақталады. Бұл функцияны пайдалану алдында жеткілікті бос жад бар екенін тексеріңіз.
		Forwarding Report	Қабылданған факс әр қайта бағытталғаннан кейін есепті басып шығару қажеттілігін таңдаңыз. Әдепкі бойынша, өнім есепті қате орын алғанда ғана басып шығарады.
		Attach Image to Report	Құжаттың бірінші бетінің кескіні бар Transmission Report басып шығару үшін On(Large Image) немесе On(Small Image) параметрін таңдаңыз. Direct Send параметрін пайдаланып жіберілген түсті факстардың немесе монохромды факстардың кескіндерді басып шығарылмайды.
		Fax Log Auto Print	➔ “Факс журналын автоматты басып шығару” бетте 111
		Report Format	Protocol Trace басқа факс есептеріне арналған пішімді таңдаңыз. Қате кодтарымен бірге басып шығару үшін Detail параметрін таңдаңыз.

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Мәзір	Параметрлер және сипаттама		
	Basic Settings	Fax Speed	Факстарды жіберу және қабылдау жылдамдығын көрсетеді.
		ECM	Желіге немесе кез келген басқа ақауларға байланысты қателермен жіберілген/ қабылданған факс деректерін автоматты түрде түзету үшін Қатені түзету режимін пайдалану керек пе әлде жоқ па соны көрсетеді. Түрлі-түсті факстарды ECM өшірулі болғанда жіберу/ қабылдау мүмкін емес.
		Dial Tone Detection	Бұл параметр On күйіне орнатылған болса, өнім теру үнін анықтағаннан кейін теруді бастайды. PBX (жеке пайдалануға арналған телефондық жүйе) немесе TA (терминалдық адаптер) жалғанған болса, ол теру үнін анықтай алмауы мүмкін. Мұндай жағдайда алдымен Line Type параметрін PBX деп өзгертіңіз. Егер бұл жұмыс істемесе, бұл параметрді Off күйіне орнатыңыз. Алайда осылай ету факс нөмірінің бірінші цифрын қалдырып кетіп, факсті қате нөмірге жіберуі мүмкін.
		Dial Mode	Өнім қосылған телефондық жүйенің түрін көрсетеді. Аймаққа байланысты бұл параметр көрсетілмеуі мүмкін. Бұл параметр Pulse мәніне орнатылған болса, факстың жоғарғы экранында нөмірді енгізіп жатқанда * ("T" режиміне кіру орындалады) түймешігін басу арқылы теру режимін импульстіктен тондыққа уақытша ауыстыруға болады.
		Line Type	➔ "Желі түрін орнату" бетте 91
		Header	Төмендегі бөлімнің 5 және 6 қадамдарын қараңыз. ➔ "Fax Setting Wizard мәзірін пайдалану" бетте 89

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Мәзір	Параметрлер және сипаттама			
	Security Settings	Direct Dialing Restrictions	Алушының факс нөмірлерін қолмен енгізуді өшіру үшін On күйін таңдаңыз. Бұл операторға алушыларды контактілер тізімінен немесе жіберілген журналдан таңдауға мүмкіндік береді. Қатені болдырмау үшін оператордан факс нөмірін екі рет енгізуді талап ету үшін Enter Twice параметрін таңдаңыз.	
		Confirm Address List	Жіберу басталмай тұрып алушыны растау экранын көрсету үшін On күйін таңдаңыз.	
		Inbox Password Settings	Пайдаланушылардың қабылданған факстарды көруін шектеу үшін Inbox құпия сөзбен қорғауды таңдаңыз. Құпия сөзді өзгерту үшін Change пәрменін таңдаңыз. Құпия сөзді жою және құпия сөзді қорғауды болдырмау үшін Reset пәрменін таңдаңыз.	
		Backup Data Auto Clear	Өнімнің ұзақ уақыттық жадында сақталған жіберілген немесе қабылданған факстарды автоматты түрде өшіру үшін On күйін таңдаңыз.	
		Clear Backup Data	Өнімнің ұзақ уақыттық жадында сақталған жіберілген немесе қабылданған факстарды толығымен өшіреді. Өнімді басқа біреуге берсеңіз немесе оны лақтырсаңыз, осы функцияны алдын ала орындаңыз.	
		Check Fax Connection		Факс қосылымының күйін тексереді. Келесі бөлімде 11-қадамды қараңыз. ➔ "Fax Setting Wizard мәзірін пайдалану" бетте 89
		Fax Setting Wizard		➔ "Fax Setting Wizard мәзірін пайдалану" бетте 89
Universal Print Settings	Бұл параметрлер принтер драйверінсіз басып шығару кезінде қол жетімді.			
	Top Offset	Жоғарғы немесе сол жақ шетті реттеңіз.		
	Left Offset			
	Top Offset in Back	Екі жақты басып шығаруды орындау кезінде беттің артқы жағы үшін жоғарғы немесе сол жақ шетті реттейді.		
	Left Offset in Back			
	Check Paper Width	Басып шығару алдында қағаз енін тексеру үшін On күйін таңдаңыз. Қағаз өлшемінің параметрлері қате болған кезде бұл қағаз жиектерінің сыртында басып шығаруға тыйым салады, бірақ басып шығару жылдамдығын азайтуы мүмкін.		
	Dry Time	Екі жақты басып шығару кезінде кебу уақытын таңдаңыз.		
	Skip Blank Page	Бос беттерді автоматты түрде өткізіп жіберу үшін On күйін таңдаңыз.		

Басқару тақтасының мәзірлер тізімі

Мәзір	Параметрлер және сипаттама		
Eco Mode	On	Қуатты басқару қолданылуы алдындағы уақытты реттеуге болады. Кез келген арту өнімнің қуат өнімділігіне әсер етеді. Қандай да бір өзгеріс енгізу алдында қоршаған ортаны ескеріңіз. Келесі Eco Mode функцияларының барлығын қосу үшін On күйін таңдаңыз.	
	Off		
	Configure	Sleep Timer	СҚД тақтасы қара болғанға дейінгі уақыт ұзақтығын көрсетіңіз.
		LCD Brightness	СҚД тақтасының жарықтығын реттеңіз.
2-Sided (Copy)		Екі жақты көшіруді әдепкі параметр ету үшін On күйін таңдаңыз.	
Restore Default Settings	Таңдалған параметрлерді әдепкі мәндеріне ысырады.		

* Бұл функцияға тек WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы ғана қолдау көрсетеді.

Contacts

➔ ["Контактілер тізімінің параметрлерін орнату" бетте 113](#)

Presets

Жиі пайдаланылатын көшіру, сканерлеу және факс параметрлерін алдын ала орнатым ретінде сақтауға болады. Контактілер тізімінен таңдалған электрондық пошта мекенжайлары, желілік қалталар және факс нөмірлері сияқты белгіленген орын туралы ақпарат та алдын ала орнатымға қосылады.

Алдын ала орнатымды жасау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Басты экрандағы **Presets** басып (WF-3620 сериясы үшін ★ басыңыз), **Add New** түймешігін таңдаңыз да, функцияны таңдаңыз. Таңдалған функцияның жоғарғы экраны көрсетіледі. Қажетті параметрлеріңізді орнатып, **Save** (WF-3620 сериясы үшін, ★ басыңыз) түймешігін басыңыз. Алдын ала орнатым атауын енгізіңіз де, **Save** түймешігін басыңыз.

Ескертпе:

Сондай-ақ, таңдалған функцияның (WF-3620 сериясы үшін ★ басыңыз) жоғарғы экранында **Preset** тармағын басу арқылы әр функцияда алдын ала орнатымдарды жасауға болады.

Алдын ала орнатымды шақыру үшін Басты экранда **Presets** тармағын басыңыз (WF-3620 сериясы үшін ★ басыңыз), содан кейін алдын ала орнатымдар тізімінен пайдалану керек алдын ала орнатымды таңдаңыз.


Status Menu

➔ ["Status Menu" бетте 27](#)

Сия картриджі және шығын материалы туралы ақпарат

Сия картридждері

Осы өнімде келесі пайдаланылған сия картридждерін пайдалануға болады.

Өнім	Белгіше	Black (Қара)	Сыан (Көкшіл)	Magenta (Алқызыл)	Yellow (Сары)
WF-7610 WF-7620 WF-3620 WF-3640	Alarm Clock 	27 27XL 27XXL	27 27XL	27 27XL	27 27XL

* Еуропадағы пайдаланушылар үшін Epson сия картриджінің мөлшері туралы ақпарат алу үшін келесі веб-сайтқа кіріңіз.

<http://www.epson.eu/pageyield>

Өнім	Black (Қара)	Сыан (Көкшіл)	Magenta (Алқызыл)	Yellow (Сары)
Австралия/Жаңа Зеландия үшін WF-7610 WF-7620	252 252XL 254XL	252 252XL	252 252XL	252 252XL
Австралия/Жаңа Зеландия үшін WF-3620 WF-3640	252 252XL	252 252XL	252 252XL	252 252XL
WF-7611 WF-7621 WF-3621	188	188	188	188

Ескертпе:

Кейбір аймақтарда барлық картридждер қол жетімді емес.

Түс	Black (Қара), Сыан (Көкшіл), Magenta (Алқызыл), Yellow (Сары)
Картридж жарамдылығы	Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін орамды ашқан күннен бастап сия картриджін алты ай ішінде пайдаланып тастаңыз.

Сия картриджі және шығын материалы туралы ақпарат

Температура	Сақтау: -20–40 °C (-4–104 °F) 40 °C (104 °F) деңгейінде 1 ай Қату: * -12 °C (10,4 °F)
--------------------	---

* Сия ериді және шамамен 3 сағаттан кейін 25 °C (77 °F) деңгейінде пайдалануға жарамды болады.

Пайдаланылған сия қорабы

Осы өнімде келесі пайдаланылған сия қорабын пайдалануға болады.

	Бөлшек нөмірі
Пайдаланылған сия қорабы	T6711

Сия картридждерін ауыстыру

Сия картриджінің қауіпсіздік туралы нұсқаулары, сақтық шаралары мен техникалық сипаттамалары

Қауіпсіздік туралы нұсқаулар

Сия картриджімен жұмыс істеген кезде келесіні орындаңыз:

- ❑ Сия картридждерін балалар қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- ❑ Пайдаланылған сия картридждерін пайдаланған кезде абай болыңыз, себебі сия беру портының айналасында сия болуы мүмкін.
Сия теріге тиіп кетсе, тиген аумақты сабын және сумен мұқият жуыңыз.
Сия көздеріңізге тиіп кетсе, оларды бірден сумен шайыңыз. Мұқият шайғаннан кейін ыңғайсыздық немесе көруге қатысты шағымдарыңыз болса, бірден дәрігерге көрініңіз.
Сия аузыңыздың ішіне құйылып кетсе, оны бірден түкіріп тастап, дәрігерге көрініңіз.
- ❑ Картридждегі жапсырманы алып тастамаңыз және жыртпаңыз; бұл сияның ағуына алып келуі мүмкін.




- ❑ Картридждің төменгі жағынан мөлдір белгіні алып тастамаңыз; онда картриджді пайдалана алмауыңыз мүмкін.



Сия картридждерін ауыстыру

- ❑ Сия картриджін бөлшектемеңіз немесе құрылымын өзгертпеңіз, әйтпесе әдеттегідей басып шығара алмауыңыз мүмкін.
- ❑ Картридж бүйіріндегі жасыл чипті немесе кішкене терезені түртпеңіз. Олай ету пайдаланудың және басып шығарудың әдеттегідей болмауына әкеп соқтыруы мүмкін.



- ❑ Өнімді сия картридждерінің алынған күйінде қалдырмаңыз немесе картриджді ауыстыру кезінде өнімді өшірмеңіз. Әйтпесе, басып шығару механизмінің клапандарында қалған сия құрғап, басып шығара алмай қалуы мүмкін.

Сия картриджін ауыстыруға қатысты сақтық шаралары

Сия картридждерін ауыстырмас бұрын осы бөлімдегі нұсқаулардың барлығын оқыңыз.

- ❑ Epson компаниясы түпнұсқадағы Epson сия картридждерін пайдалануға кеңес береді. Epson компаниясы түпнұсқадан басқа сияның сапасы немесе сенімділігіне кепілдік бере алмайды. Түпнұсқалық емес сияны пайдалану Epson кепілдіктерімен қамтылмайтын зақымға әкелуі және, белгілі бір жағдайларда, өнімнің дұрыс емес жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін. Түпнұсқа емес сия деңгейлері туралы ақпарат көрсетілмеуі мүмкін.
- ❑ Буманы ашпастан бұрын барлық сия картридждерін төрт немесе бес рет ақырын шайқаңыз.
- ❑ Сия картридждерін тым қатты шайқамаңыз; әйтпесе, сия картриджден ағуы мүмкін.
- ❑ Бұл өнім әр картридж үшін қалған сия көлемі сияқты ақпаратты бақылайтын IC чипімен жабдықталған сия картридждерін пайдаланады. Яғни, картридж жұмсалмастан бұрын өнімнен шығарылса да, оны қайта өнімге кірістіру арқылы пайдалануыңызға болады. Дегенмен, картриджді қайта кірістіру кезінде өнім өнімділігінің кепілдігі үшін біршама сияны тұтынуға болады.
- ❑ Оптималды басып шығару механизмін сақтау үшін кішкене сия картридждерден басып шығару кезінде ғана емес, сия картриджін ауыстыру және басып шығару механизмін тазарту сияқты техникалық қызмет көрсету кезінде де тұтынылуы мүмкін.
- ❑ Сия картриджін уақытша алып тастау қажет болса, сия беру аймағын ластан және шаңнан қорғау қажет. Сия картридждерін өніммен бір ортада сақтаңыз. Картриджді сақтау кезінде сия картриджінің түсін көрсетіп тұрған жапсырманың жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз. Сия картридждерін жоғары қаратып сақтамаңыз.
- ❑ Сия беру порты артық сияның шығуын қамту үшін жасалған клапанмен жабдықталған; өз қақпақтарыңызды немесе тығындарыңызды қолданудың қажеті жоқ. Дегенмен, абайлап қолдану ұсынылады. Сия картриджінің беру портына немесе оның айналасындағы аймаққа тиімеңіз.

Сия картридждерін ауыстыру

- ❑ Максималды сияны пайдалану тиімділігі үшін оны ауыстыру кезінде ғана сия картриджін алыңыз. Сия күйі төмен сия картридждері қайта кірістірілгенде пайдаланылмауы мүмкін.
- ❑ Оны өнімге орнатуға дайын болмайынша сия картриджінің бумасын ашпаңыз. Сенімділігін сақтау мақсатында картридж вакуумды бумада сақталады. Пайдаланбастан бұрын картриджді бумасынан шығармаған күйі қалдырсаңыз, қалыпты басып шығару мүмкін болмайды.
- ❑ Барлық сия картридждерін орнатыңыз; әйтпесе, басып шығару мүмкін болмайды.
- ❑ Түсті сия таусылса және қара сия әлі де қалса, тек қана қара сиямен уақытша басып шығаруды жалғастыруға болады. Қосымша ақпарат алу үшін ["Түсті сия картридждері таусылғанда қара сиямен уақытша басып шығару" бетте 139](#) бөліміне өтіңіз.
- ❑ Егер сия картриджі таусылып жатса, жаңа сия картриджін дайындаңыз.
- ❑ Бумадан шығару кезінде сия картриджінің бүйір жағындағы бекіткіштердің сынбауын қадағалаңыз.
- ❑ Орнатпастан бұрын картриджден сары таспаны алып тастауыңыз қажет; әйтпесе, басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін немесе басып шығара алмауыңыз мүмкін.
- ❑ Сия картриджін салқын сақтау орнынан алып шыққаннан кейін пайдаланбастан бұрын оның кемінде үш сағат бойы бөлме температурасында жылынуына мүмкіндік беріңіз.
- ❑ Сия картридждерін салқын, қараңғы жерлерде сақтаңыз.
- ❑ Сия картридждерін жапсырмалары жоғары қараған күйі сақтаңыз. Картридждерді жоғары қаратып сақтамаңыз.
- ❑ Ауыстыру үшін өніммен бірге берілген картридждерді қолдана алмайсыз.

Сия картриджінің техникалық сипаттамалары

- ❑ Epson компаниясы сия картриджін қаптамасында көрсетілген күннен бұрын пайдалануды ұсынады.
- ❑ Өніммен бірге келетін сия картридждері бастапқы баптау барысында жартылай пайдаланылады. Жоғары сапалы басылып шыққан көшірмелерге қол жеткізу үшін өнім ішіндегі басып шығарғыш бас сиямен толық толтырылады. Осы бір рет қана орындалатын үдеріс сияның белгілі бір мөлшерінің жұмсалуды қажет етеді, сондықтан кейінгі сия картридждерімен салыстырғанда бұл картридждер басып шығарған беттер саны аздау болуы мүмкін.
- ❑ Берілген өнімділік көрсеткіштері басып шығарып жатқан суреттерге, пайдаланылған қағаз түріне, басып шығару әрекетінің жиілігіне және температура сияқты қоршаған орта жағдайларына қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- ❑ Ең жоғары басып шығару сапасына қол жеткізуді қамтамасыз ету және басып шығарғыш басты қорғауға қол ұшын беру үшін өнімде картриджді ауыстыру қажет екені көрсетілген кезде, сия картриджінде қауіпсіздік мақсатында сақталатын сияның әртүрлі резервтік мөлшері қалады. Берілген өнімділік көрсеткіші осы резервтік мөлшерді қамтымайды.
- ❑ Сия картридждерінде қайта өңделген материалдардың болуы мүмкіндігіне қарамастан, бұл өнімнің жұмысына немесе көрсеткіштеріне әсер етпейді.

Сия картридждерін ауыстыру

- ❑ Монохромды күйде немесе сұр түсті шкалада басып шығарған кезде, қағаз түріне немесе басып шығару сапасы орнатымдарына қарай қара сияның орнына түрлі-түсті сиялар қолданылуы мүмкін. Бұл қара түсті жасау үшін түрлі-түсті сиялар қоспасы қолданылатынына байланысты.

Сия картриджі күйін тексеру

Windows жүйесі үшін

Ескертпе:

Сия картриджіндегі сия азайғанда *Low Ink Reminder* (Төмен сия деңгейі туралы еске салғыш) экраны автоматты түрде көрсетіледі. Сия картриджі күйін осы экраннан көруге де болады. Осы экранды көрсетуді қаламасаңыз, алдымен принтер драйверіне қол жеткізіп, одан кейін **Maintenance (Қызмет көрсету)** қойындысын нұқыңыз, одан кейін **Monitoring Preferences (Басқарылатын теңшелімдер)** түймешігін басыңыз. *Monitoring Preferences (Басқарылатын теңшелімдер)* экранындағы **See Low Ink Reminder alerts (Төмен сия деңгейі туралы еске салғыш сигналдарын көру)** ұяшықтан құсбелгіні алыңыз.

Сия картриджі күйін тексеру үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

- ❑ Принтер драйверін ашып, **Main (Басты)** қойындысын нұқып, одан кейін **Ink Levels (Сия деңгейлері)** түймешігін басыңыз.
- ❑ Windows taskbar (тапсырмалар жолағындағы) өнімнің таңбаша белгішесін екі рет нұқыңыз. Taskbar (Тапсырмалар тақтасы) таңбаша белгішесін қосу үшін келесі тарауды қараңыз:
 - ➔ ["Taskbar \(Тапсырмалар тақтасы\) пәрменіндегі пернелер белгішесінен"](#) бетте 55

Сия картридждерін ауыстыру

- Принтер драйверін ашып, **Maintenance (Қызмет көрсету)** қойындысын, сосын **EPSON Status Monitor 3** түймешігін нұқыңыз. Сия картриджінің күйі графикпен көрсетіледі.



Ескертпе:

- EPSON Status Monitor 3 пайда болмаса, принтер драйверіне кіріп, **Maintenance (Қызмет көрсету)** қойындысын, сосын **Extended Settings (Кеңейтілген параметрлер)** түймешігін нұқыңыз. **Extended Settings (Кеңейтілген параметрлер)** терезесіндегі **Enable EPSON Status Monitor 3 (EPSON Status Monitor 3 қосу)** ұяшығына белгі қойыңыз.
- Ағымдағы параметрлерге сәйкес жеңілдетілген күй мониторы көрсетілуі мүмкін. Жоғарыдағы терезені көру үшін **Details (Толығырақ)** түймешігін басыңыз.
- Сия деңгейлері жуықтап көрсетіледі.

Mac OS X жүйесі үшін

Сия картриджі күйін EPSON Status Monitor пайдаланып тексере аласыз. Төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1


Epson Printer Utility 4 қызметіне кіріңіз.

➔ “Mac OS X жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру” бетте 55

Сия картридждерін ауыстыру

2

EPSON Status Monitor белгішесін басыңыз. EPSON Status Monitor пайда болады.



Ескертпе:

- EPSON Status Monitor бірінші рет ашылған кезде, график сия картриджі күйін көрсетеді. Сия картриджі күйін жаңарту үшін **Update** түймешігін басыңыз.
- Сия деңгейлері жуықтап көрсетіледі.

Басқару тақтасын пайдалану

1

Басқару тақтасында **i** түймесін басыңыз.

2

Printer Information тармағын таңдаңыз.

Ескертпе:

- Сия деңгейлері жуықтап көрсетіледі.
- СҚД экранының оң жағындағы күй белгішесі пайдаланылған сия қорабының күйін көрсетеді.

Түсті сия картридждері таусылғанда қара сиямен уақытша басып шығару

Түсті сия таусылса және қара сия әлі де қалса, тек қана қара сиямен қасқа уақытқа басып шығаруды жалғастыруға болады. Дегенмен, мүмкіндігінше жылдам қосымша сия картридждерін ауыстыру қажет. Уақытша қара сиямен басып шығаруды жалғастыру үшін келесі бөлімді қараңыз.

Ескертпе:

Уақыттың нақты көлемі қолдану шарттарына, басып шығарылған суреттерге, басып шығару параметрлеріне және қолдану жиілігіне байланысты өзгеше болады.

Windows жүйесі үшін



Windows туралы ескертпе:

Бұл функция *EPSON Status Monitor 3* қосылғанда ғана қол жетімді. Күй мониторын қосу үшін принтер драйверіне кіріп, **Maintenance (Қызмет көрсету)** қойындысын, сосын **Extended Settings (Кеңейтілген параметрлер)** түймешігін басыңыз. *Extended Settings (Кеңейтілген параметрлер)* терезесіндегі **Enable EPSON Status Monitor 3 (EPSON Status Monitor 3 қосу)** ұяшығына белгі қойыңыз.

Уақытша қара сиямен басып шығаруды жалғастыру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Сия картриджерін ауыстыру

- 1 EPSON Status Monitor 3 басып шығару тапсырмасын болдырмау туралы айтса, басып шығару тапсырмасын болдырмау үшін **Cancel (Бас тарту)** немесе **Cancel Print (Бас-н бас тарт.)** пәрменін таңдаңыз.



Ескертпе:

Желідегі басқа компьютерде түсті сия картриджі таусылған делінген қате күйі болса, өнімдегі баспа тапсырмасын тоқтату қажет болуы мүмкін.

- 2 Қарапайым қағазды немесе хатқалтаны салыңыз.
- 3 Принтер параметрлеріне кіріңіз.
➔ [“Windows жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру” бетте 54](#)
- 4 Main (Басты) қойындысын басып, сәйкес параметрлерді орнатыңыз.
- 5 **plain papers (қарапайым қағаздар)** немесе **Envelope (Хатқалта)** түрін Paper Type (Қағаз түрі) параметрі ретінде таңдаңыз.
- 6 Color (Түс) параметрі ретінде **Grayscale (Сұр реңк)** опциясын таңдаңыз.


Сия картридждерін ауыстыру

- 7 Принтер параметрлерінің терезесін жабу үшін **ОК** түймесін басыңыз.
- 8 Файлды басып шығарыңыз.
- 9 EPSON Status Monitor 3 компьютер экранында қайта көрсетіледі. Қара сиямен басып шығару үшін **Print in Black (Қара түсте басып шығару)** пәрменін таңдаңыз.

Mac OS X жүйесі үшін

Уақытша қара сиямен басып шығаруды жалғастыру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- 1 Басып шығару қалпына келтірілмесе, Dock ішінде өнім белгішесін басыңыз. Басып шығару тапсырмасын болдырмау туралы ескертетін қате хабарлама көрсетілсе, **Delete (Жою)** пәрменін таңдап, құжатты қара сиямен қайта басып шығару үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.




Ескертпе:

Желідегі басқа компьютерде түсті сия картриджі таусылған делінген қате күйі болса, өнімдегі баспа тапсырмасын тоқтату қажет болуы мүмкін.

Сия картридждерін ауыстыру

Mac OS X 10.8 үшін:

✕ түймешігін басып, қате туралы хабар көрсетілсе, **OK** түймешігін басыңыз. Құжатты қара сиямен қайта басып шығару үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.




- 2 **System Preferences (Жүйе параметрлері)** қойындысын ашып, **Print & Scan (Басып шығару және сканерлеу)** (Mac OS X 10.8 немесе 10.7) немесе **Print & Fax (Басып шығару және факс)** (Mac OS X 10.6 немесе 10.5) пәрменін таңдаңыз да, өнімді Printers (Принтерлер) тізімінен таңдаңыз. Содан кейін **Options & Supplies (Параметрлер және шығын материалдары)**, содан кейін **Driver (Драйвер)** тармағын таңдаңыз.
- 3 **On (Қосу)** параметрін Permit temporary black printing үшін таңдаңыз.
- 4 Қарапайым қағазды немесе хатқалтаны салыңыз.
- 5 Print (Бас. шығ-у) диалогтық терезесіне кіріңіз.
➔ [“Mac OS X жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру” бетте 55](#)
- 6 Осы тілқатысу терезесін кеңейту үшін **Show Details (Мәліметтерді көрсету)** түймешігін (Mac OS X 10.7 үшін) немесе ▼ түймешігін (Mac OS X 10.6 немесе 10.5 үшін) басыңыз.
- 7 Пайдаланып жатқан өнімді Printer (Принтер) параметрі ретінде таңдаңыз да, қолайлы параметрлерді орнатыңыз.
- 8 Қалқымалы мәзірден **Print Settings (Принтер параметрлері)** пәрменін таңдаңыз.
- 9 **plain papers (қарапайым қағаздар)** немесе **Envelope (Хатқалта)** түрін Media Type (Тасушы түрі) параметрі ретінде таңдаңыз.
- 10 **Grayscale (Сұр реңк)** құсбелгісін қойыңыз.
- 11 **Print (Бас. шығ-у)** түймешігін Print (Бас. шығ-у) тілқатысу терезесін жабу үшін басыңыз.

Картридж төмен болған кезде қара сияны сақтау (Windows үшін ғана)

Windows туралы ескертпе:

Бұл функция EPSON Status Monitor 3 қосылғанда ғана қол жетімді. Күй мониторын қосу үшін принтер драйверіне кіріп, **Maintenance (Қызмет көрсету)** қойындысын, сосын **Extended Settings (Кеңейтілген параметрлер)** түймешігін басыңыз. **Extended Settings (Кеңейтілген параметрлер)** терезесіндегі **Enable EPSON Status Monitor 3 (EPSON Status Monitor 3 қосу)** ұяшығына белгі қойыңыз.

Төмендегі терезе қара сия аз қалған кезде және түсті сия қара сиядан көп болған кезде пайда болады. Ол тек қағаз түрі ретінде **plain papers (қарапайым қағаздар)** және **Standard (Стандартты)** опциясы Quality ретінде таңдалған кезде шығады.



Терезе қара сияны қалыпты түрде қолдануды жалғастыру мүмкіндігін немесе қара түсті жасау үшін түсті сиялардың қоспасын қолданып қара сияны үнемдеуге мүмкіндік береді.

- Қара түсті жасау үшін түсті сиялардың қоспасын қолдану үшін **Yes (Иә)** түймешігін басыңыз. Бірдей тапсырманы басып шығарған келесі уақытта бірдей терезені көресіз.
- Басып шығарылып жатқан жұмыс үшін қалған қара сияны пайдалануды жалғастыру үшін **No (Жоқ)** түймешігін басыңыз. Келесіде осындай жұмысты басып шығарған кезде осындай терезені көресіз және қара сияны үнемдеу опциясы да болады.
- Қалған қара сияны пайдалануды жалғастыру үшін **Disable this feature (Осы мүмкіндікті өшіру)** опциясын таңдаңыз.


Сия картриджін ауыстыру

1 Сканер бөлігін ашыңыз.

Сия картриджінің ұстаушысы сия картриджін ауыстыру орналасуына жылжиды. Сия картриджін жұмсалмастан бұрын ауыстырсаңыз, төменде көрсетілгендей мәзірді таңдаңыз.

Сия картридждерін ауыстыру

Setup > Maintenance > Ink Cartridge(s) Replacement




! **Маңызды:**

- ❑ Сия картридждің ұстағышты қолыңызбен жылжытпаңыз; әйтпесе, өнімді зақымдауыңыз мүмкін.
- ❑ Құжат қақпағы ашық тұрғанда сканер бөлігін көтермеңіз.




2

Сия картридждің қақпағын ашыңыз.



Сия картридждерін ауыстыру


- 3** Сия картридждің басыңыз және алып тастаңыз.



Ескертпе:

- Сурет қара сия картридждің ауыстыруды көрсетеді. Картриджді жағдайға сай ауыстырыңыз.
- Алып тасталған сия картридждерінде сия беру портының айналасында сия болуы мүмкін, сондықтан картридждерді алған кезде айналасындағы аймаққа сия төгіп алмаңыз.

- 4** Жаңа ауыстырылатын картридждерді ақырын төрт немесе бес рет шайқаңыз да, ауыстырылатын сия картриджді бумасынан шығарыңыз.



Сия картридждерін ауыстыру


Ескертпе:

- ❑ Бумадан шығару кезінде сия картриджінің бүйір жағындағы бекіткіштердің сынбауын қадағалаңыз.
- ❑ Картридж бүйіріндегі жасыл чипті немесе кішкене терезені түртпеңіз. Олай ету пайдаланудың және басып шығарудың әдеттегідей болмауына әкеп соқтыруы мүмкін.



5

Тек сары таспаны ғана алып тастаңыз.




! Маңызды:

- ❑ Орнатпастан бұрын картриджден сары таспаны алып тастауыңыз қажет; әйтпесе, басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін немесе басып шығара алмауыңыз мүмкін.
- ❑ Егер сия картриджін сары таспаны алып тастамастан орнатқан болсаңыз, картриджді өнімнен шығарып, сары таспаны алып, қайта орнатыңыз.
- ❑ Картридждің төменгі жағынан мөлдір белгіні алып тастамаңыз; онда картриджді пайдалана алмауыңыз мүмкін.
- ❑ Картриджтегі жапсырманы алып тастамаңыз және жыртпаңыз; әйтпесе, сияның ағуына алып келуі мүмкін.

Сия картридждерін ауыстыру


6

Картриджді кірістіріп, оны тықылдаған дыбыс естілгенше басыңыз.



7

Сия картриджінің қақпағын жабыңыз.



Картридждердің дұрыс орнатылғанын тексеру үшін өнімнің басқару тақтасындағы **Check** түймешігін басыңыз.

8

Сканер бөлігін ақырын жабыңыз. Сияны толтыру басталды.

Ескертпе:

- ❑ *Өнім сияны толтыру кезінде қуат шамы жанып тұрады. Өнімді тазалау барысында өнімді өшірмеңіз. Сия картриджін толтыру аяқталмаса, басып шығару мүмкін болмайды.*
- ❑ *Егер көшіру кезінде сия картриджін ауыстыру қажет болса, сияны толтыру аяқталғаннан кейін көшіру сапасын қамтамасыз ету үшін көшіріліп жатқан тапсырмадан бас тартып, бастапқы элементтерін орнату арқылы қайта бастаңыз.*

Сия картриджін ауыстыру аяқталды. Өнім өзінің бұрынғы күйіне оралады.

Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

Басып шығару механизмінің саңылауларын тексеру

Егер басып шығарылатын қағаздар анық емес немесе нүктелері жоқ екендігін байқасаңыз, басып шығару механизмінің саңылауларын тексеру арқылы себебін анықтауға болады.

Басып шығару механизмінің саңылауларын компьютерден Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалана отырып немесе өнімнен түймешіктерді пайдалана отырып тексеруге болады.

Windows жүйесіне арналған Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалану үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 Қағаз құндағына А4 өлшемді қағаз жүктелгенін тексеріңіз.
- 3 taskbar (тапсырмалар тақтасы) орналасқан өнім белгішесін оң жақ түймешікпен басыңыз, содан кейін **Nozzle Check (Саңылауды тексеру)** пәрменін таңдаңыз.

Өнім белгішесі пайда болмаса, белгішені қосу үшін келесі бөлімді қараңыз.
➔ [“Taskbar \(Тапсырмалар тақтасы\) пәрменіндегі пернелер белгішесінен” бетте 55](#)
- 4 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Mac OS X жүйесіне арналған Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалану үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 Қағаз құндағына А4 өлшемді қағаз жүктелгенін тексеріңіз.
- 3 Epson Printer Utility 4 қызметіне кіріңіз.
➔ [“Mac OS X жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру” бетте 55](#)

Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

4 **Nozzle Check (Саңылауды тексеру)** белгішесін басыңыз.

5 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Басқару тақтасын пайдалану

Өнімнің басқару тақтасын пайдаланып басып шығару механизмінің саңылауларын тексеру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.

2 Қағаз құндағына А4 өлшемді қағаз жүктелгенін тексеріңіз.


3 Home мәзірінен **Setup** режиміне кіріңіз.

4 **Maintenance** пәрменін таңдаңыз.


5 **Print Head Nozzle Check** пәрменін таңдап, саңылауларды тексеру үлгісін басып шығару үшін СҚД экранындағы нұсқауларды орындаңыз.

6 Төменде екі түрлі саңылауларды тексеру үлгісі берілген.

Басып шығарылған беттің сапасы мен төменде көрсетілген үлгіні салыстырыңыз. Сынақ жолдарында бос орындар немесе сегменттер жоқ болуы сияқты басып шығару сапасының ешқандай ақаулары болмаса, басып шығару механизмінің күйі дұрыс.



Төменде көрсетілгендей басып шығарылған жолдарда сегменттер жоқ болса, бұл сия саңылаулары ластанғанын немесе басып шығару механизмі дұрыс реттелмегенін білдіруі мүмкін.



➔ [“Басып шығару механизмін тазалау” бетте 150](#)

➔ [“Басып шығару механизмін туралау” бетте 152](#)

Басып шығару механизмін тазалау

Егер басып шығарылатын қағаздар анық емес немесе нүктелері жоқ екендігін байқасаңыз, саңылауларсыяны дұрыс қамтамасыз етіп жатқандығын көрсететін басып шығару механизмін тазалау арқылы осы ақауларды жоюға болады.

Басып шығару механизмін компьютерден принтер драйверіндегі Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдаланып немесе өнімнен түймешіктерді пайдалана отырып арқылы тазалауға болады.



Маңызды:

Басып шығару механизмін тазалау барысында өнімді өшірмеңіз. Механизмді тазалау аяқталмаса, басып шығару мүмкін болмайды.

Ескертпе:

- ❑ Басып шығару механизмін тазалау барысында сканер бөлігін ашпаңыз.
- ❑ Қандай да бір зақымданған түсті анықтау үшін алдымен клапанын тексеріңіз; бұл механизмді тазалау функциясы үшін сәйкес түсті таңдауға мүмкіндік береді. Қара сия түсті суреттерді басып шығару кезінде пайдаланылуы мүмкін.
➔ ["Басып шығару механизмiнiң саңылауларын тексеру" бетте 148](#)
- ❑ Басып шығару механизмін тазалау барысында кейбір картридждердің сиялары пайдаланылғандықтан, баспалар бұлдыр немесе түстер дұрыс емес немесе түссіз болу себебіне байланысты сапа төмен болғанда ғана басып шығару механизмін тазалаңыз.
- ❑ Сия аз қалған кезде басып шығару механизм тазалаудың ыңғайы келмеуі мүмкін. Сия таусылған кезде механизмді тазалай алмайсыз. Алдымен тиісті сия картриджін ауыстырыңыз.
- ❑ Егер басып шығару сапасы жақсармаса, клапанын тексеру нәтижесіне байланысты сәйкес түсін таңдағаныңызға сенімді болыңыз.
- ❑ Осы процедураны шамамен екі рет қайталағаннан кейін баспа сапасы әлі де жақсармаса, өнімді қосулы күйде қалдырып, кемінде алты сағат бойы күтіңіз. Содан кейін саңылауды тексеруді қайтадан орындаңыз және қажет болса, басып шығару механизмін тазалауды қайталаңыз. Басып шығару механизмi әлі жақсармаса, Epson қолдау қызметiне хабарласыңыз.
- ❑ Басып шығару сапасын нашарлатып алмау үшін жиі бірнеше қағаздан шығарып тұру ұсынылады.

Windows жүйесінің Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдаланып басып шығару механизмін тазалау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

1

Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.

2

taskbar (тапсырмалар тақтасы) орналасқан өнім белгішесін оң жақ түймешікпен нұқыңыз, содан кейін **Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау)** пәрменін таңдаңыз.

Өнім белгішесі пайда болмаса, белгішені қосу үшін келесі бөлімді қараңыз.

➔ ["Taskbar \(Тапсырмалар тақтасы\) пәрменіндегі пернелер белгішесінен" бетте 55](#)

Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- 3 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Mac OS X жүйесінің Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдаланып басып шығару механизмін тазалау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 Epson Printer Utility 4 қызметіне кіріңіз.
→ [“Mac OS X жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру” бетте 55](#)
- 3 **Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау)** белгішесін басыңыз.
- 4 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Басқару тақтасын пайдалану

Өнімнің басқару тақтасын пайдаланып басып шығару механизмін тазалау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 Home мәзірінен **Setup** режиміне кіріңіз.
- 3 **Maintenance** пәрменін таңдаңыз.
- 4 **Print Head Cleaning** пәрменін таңдаңыз.
- 5 Жалғастыру үшін СҚД экранындағы нұсқауларды орындаңыз.
- 6 Тазалағыңыз келетін түсті таңдап, тазалауды бастау үшін LCD экранындағы нұсқауларды орындаңыз.

Ескертпе:

Клапанын тексеру нәтижесіндегі ақауды көрсететін түсті таңдаңыз.

Басып шығару механизмін туралау

Тік жолдардың қате тураланғанын немесе көлденең жолақтарды байқасаңыз, принтер драйверіндегі Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) қызметтік бағдарламасын немесе өнімнің түймешіктерін пайдалана отырып осы мәселені шешуге болады.

Төмендегі сәйкес бөлімді қараңыз.

Ескертпе:

Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) қызметтік бағдарламасының көмегімен сынақ үлгіні басып шығару кезінде басып шығаруды тоқтатпаңыз.

Windows жүйесінің Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) қызметтік бағдарламасын пайдаланып басып шығару механизмін туралау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 1-ші қағаз құндағына A4 өлшеміндегі қағаз жүктелгенін тексеріңіз.
- 3 taskbar (тапсырмалар тақтасы) орналасқан өнім белгішесін оң жақ түймешікпен нұқыңыз, содан кейін **Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу)** пәрменін таңдаңыз.
Өнім белгішесі пайда болмаса, белгішені қосу үшін келесі бөлімді қараңыз.
➔ ["Taskbar \(Тапсырмалар тақтасы\) пәрменіндегі пернелер белгішесінен" бетте 55](#)
- 4 Басып шығару механизмін туралау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Mac OS X жүйесінің Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу) қызметтік бағдарламасын пайдаланып басып шығару механизмін туралау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 1-ші қағаз құндағына A4 өлшеміндегі қағаз жүктелгенін тексеріңіз.
- 3 Epson Printer Utility 4 қызметіне кіріңіз.
➔ ["Mac OS X жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру" бетте 55](#)
- 4 **Print Head Alignment (Басып шығару басын калибрлеу)** белгішесін басыңыз.

Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- 5 Басып шығару механизмін туралау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Басқару тақтасын пайдалану


Өнімнің басқару тақтасын пайдаланып басып шығару механизмін туралау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- 1 Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.
- 2 1-ші қағаз құндағына A4 өлшемді қағаз жүктелгенін тексеріңіз.
- 3 Home мәзірінен **Setup** режиміне кіріңіз.
- 4 **Maintenance** пәрменін таңдаңыз.
- 5 **Print Head Alignment** опциясын таңдаңыз.
- 6 **Vertical Alignment** немесе **Horizontal Alignment** параметрін таңдаңыз да, туралау үлгісін басып шығару үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Ескертпе:

Егер басылатын материалдар бұлдыр болса немесе тік жолдар тураланбаған болып көрінсе, *Vertical Alignment* параметрін таңдаңыз. Жүйелі аралықтармен көлденең жолақтарды көрсеңіз, *Horizontal Alignment* параметрін таңдаңыз.

- 7 **Vertical Alignment** параметрін таңдасаңыз, 1–6 топтарының әрқайсысында ең қалың үлгіні табыңыз да, үлгі нөмірін енгізіңіз.



Horizontal Alignment параметрін таңдаған болсаңыз, ең аз бөлінген және қабаттасқан үлгіні табыңыз.



Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

8 Басып шығару механизмін туралауды аяқтаңыз.

Желі қызметі параметрлерін орнату

Веб-теңшеу

Өніммен бірдей желіге қосылған компьютердегі, смартфондағы, планшеттегі немесе ноутбуктегі веб-шолғышты пайдаланып Epson Connect, AirPrint немесе Google Cloud Print сияқты желі қызметінің параметрлерін орнатуға болады.

Веб-шолғыштың мекенжай жолағына өнімнің IP мекенжайын енгізіп, өнімді іздеңіз.

<Мысалы>

[IPv4] <http://192.168.11.46>

[IPv6] [http://\[fe80::226:abff:feff:37cd\]/](http://[fe80::226:abff:feff:37cd]/)

Ескертпе:

Өнімнің IP мекенжайын өнімнің басқару тақтасында немесе желі күйі парағын басып шығару арқылы тексеруге болады.

Setup > System Administration > Wi-Fi/Network Settings > Wi-Fi/Network Status

Өнім сәтті табылса, өнімнің веб-беті көрсетіледі. Қажет мәзірді таңдаңыз.

Сондай-ақ, бұл веб-бет өнімнің күйін тексеруге және өнімнің микробағдарламасын жаңартуға мүмкіндік береді.

Электрондық пошта серверінің параметрлері

Сканерлеу немесе факсты қайта бағыттау мүмкіндіктері сияқты электрондық пошта мүмкіндіктерін пайдалану үшін электрондық пошта серверін теңшеу қажет. Электрондық пошта серверін теңшеместен бұрын келесіні тексеріңіз.

- Өнім желіге қосылған.
- Электрондық поштаны компьютеріңізге орнату үшін пайдаланылатын өзіңіздің қызмет провайдеріңіздің құжаттары сияқты электрондық пошта сервері ақпараты.

Ескертпе:

Интернет электрондық поштасы сияқты тегін электрондық пошта қызметін пайдаланатын болсаңыз, қажетті электрондық пошта сервері ақпаратын алу үшін интернеттен іздеңіз.

1 Home мәзірінен **Setup** режиміне кіріңіз.

2 **System Administration > Wi-Fi/Network Settings > Advanced Setup** тармағын таңдаңыз.

Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

3 Email Server > Server Settings тармағын таңдаңыз.

4 Пайдаланып жатқан электрондық пошта серверінің түпнұсқалық әдісін таңдаңыз.



Маңызды:

Келесі түпнұсқалық әдістер қол жетімді. SSL және STARTTLS қолдау көрсетілмейді.

- Ешқайсысы
- SMTP (SMTP AUTH)
- SMTP бұрын POP

Электрондық пошта серверінің түпнұсқалық әдісін растау үшін интернет қызмет провайдеріне хабарласыңыз. Қауіпсіздік кеңейтілуі мүмкін болғандықтан (мысалы, SSL байланысы қажет) түпнұсқалық әдісі қол жетімді болған жағдайда да өнім электрондық пошта серверімен байланыса алмауы мүмкін. Соңғы ақпараттарды алу үшін Epson қолдау көрсету веб-сайтына кіріңіз.

<http://www.epson.eu/Support> (Еуропа)

<http://support.epson.net/> (Еуропадан тыс)

5 Тиісті параметрлерді орнатыңыз. Түпнұсқалық әдіске байланысты қажетті параметрлер бойынша ерекшеленуі мүмкін. Пайдаланып жатқан электрондық пошта серверіне арналған ақпаратты енгізіңіз.

Элементтер	Түсініктемелер
Authentication Method	Таңдалған түпнұсқалық әдісті көрсетеді.
Authenticated Account	Егер SMTP-AUTH немесе POP before SMTP параметрін Authentication Method ретінде таңдасаңыз, 30 немесе одан аз таңбадан тұратын электрондық пошта серверіне тіркелген пайдаланушы атын (электрондық пошта мекенжайын) енгізіңіз.
Authenticated Password	Егер SMTP-AUTH немесе POP before SMTP параметрін Authentication Method ретінде таңдасаңыз, 20 не одан аз таңбадан тұратын рұқсат етілген тіркелгі құпия сөзін енгізіңіз.
Sender's Email Address	Өнім электрондық пошталарды жіберу үшін пайдаланатын электрондық пошта мекенжайын көрсетіңіз. Бұрыннан бар электрондық пошта мекенжайын енгізуіңізге болады. Электрондық поштаның өнімнен жіберіліп жатқанын айқындау үшін арнайы өнімге арналған мекенжайды алып, осы жерге енгізе аласыз.
SMTP Server Address	Электрондық пошта хабарын жіберетін сервердің сервер мекенжайын енгізіңіз (SMTP сервері).
SMTP Server Port Number	Электрондық пошта хабарын жіберетін сервердің порт нөмірін енгізіңіз (SMTP сервері).
POP3 Server Address	Егер POP before SMTP параметрін Authentication Method ретінде таңдасаңыз, электрондық поштаны алатын сервердің сервер мекенжайын енгізіңіз (POP3 сервері).

Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

Элементтер	Түсініктемелер
POP3 Server Port Number	Егер POP before SMTP параметрін Authentication Method ретінде таңдасаңыз, электрондық поштаны алатын электрондық пошта серверінің порт нөмірін енгізіңіз (POP3 сервері).

6 **OK** түймешігін басыңыз.

7 Өнімнің электрондық пошта серверіне қосылғанын тексеру үшін **Connection Check** тармағын таңдаңыз.

Ескертпе:

- Егер қате туралы хабар көрсетілсе, электрондық пошта сервері параметрлерінің дұрыс екендігін тексеріңіз.
- Қосылымды тексеру сәтті орындалғанда электрондық пошта жібере алмасаңыз, пайдаланып жатқан электрондық пошта серверіне арналған түпнұсқалық әдісті тексеріңіз.

Электрондық пошта серверінің байланысын тексеру

1 Home (Басты) мәзірінен **Setup** тармағына кіріңіз.

2 **System Administration > Wi-Fi/Network Settings > Advanced Setup** тармағын таңдаңыз.

3 Принтер электрондық пошта серверіне қосылғанын тексеру үшін **Email Server > Connection Check** тармағын таңдаңыз.

Ескертпе:

- Егер қате туралы хабар көрсетілсе, электрондық пошта сервері параметрлерінің дұрыс екендігін тексеріңіз.
- Қосылымды тексеру сәтті орындалғанда электрондық пошта жібере алмасаңыз, пайдаланып жатқан электрондық пошта серверіне арналған түпнұсқалық әдісті тексеріңіз.

Өнімді басып шығару мақсатында ортақтасу

Желідегі басқа компьютерлер ортақ пайдалануы үшін принтерді реттеуге болады. Принтерге тікелей қосылған компьютер сервер ретінде қызмет етеді. Желідегі басқа компьютерлер серверге қатынасады және принтерді ортақ пайдаланады. Қосымша мәліметтер алу үшін компьютердің анықтамасын қараңыз. Принтерді желі арқылы пайдаланыңыз келсе, Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқау қараңыз.

Өнімді тазалау

Өнімнің сыртын тазалау

Өнімнің оптималды жұмыс жасауы үшін оны келесі нұсқауларды пайдаланып жылына бірнеше рет мұқият тазалаңыз.




Маңызды:

Өнімді тазалау үшін ешқашан алкогольді немесе сұйылтқышты пайдаланбаңыз. Бұл химикаттар өнімді зақымдауы мүмкін.

Ескертпе:

Өнімді шаңнан қорғау үшін өнімді пайдаланудан кейін артқы қағаз беру ұясын жабыңыз.


- Сенсорлы экранды тазалау үшін жұмсақ, құрғақ, таза шүберекті пайдаланыңыз. Сұйық немесе химиялық тазартқыштарды пайдаланбаңыз.
- Сканер әйнегінің бетін тазалау үшін жұмсақ, құрғақ, әрі таза шүберекті пайдаланыңыз. Басылған материалдарда немесе сканерленген деректерде түзу сызықтар пайда болса, сол жақтағы шағын сканер әйнегін абайлап тазалаңыз.



- Шыны қабаты маймен немесе кетіру қиын басқа материалмен ластанған болса, оны кетіру үшін шыны тазалағыштың аздаған мөлшері мен жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Барлық қалдық сұйықтықты сүртіп тастаңыз.
- Сканер әйнегінің үстін күшпен баспаңыз.

Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- ❑ Сканер әйнегінің үстін сызып алмауға немесе зақымдамауға тырысыңыз және оны тазалау үшін қатты немесе қыратын шөтке пайдаланбаңыз. Зақымданған шыны қабат сканерлеу сапасын нашарлатуы мүмкін.
- ❑ ADF қақпағын ашып, роликті және ADF ішін тазалау үшін жұмсақ, құрғақ, таза шүберекті пайдаланыңыз.



Өнімнің ішін тазалау

Егер басылған материалдарда сия дақтары болса, өнім ішіндегі роликті тазалау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.



Абай болыңыз:

Өнімнің ішіндегі бөлшектерді ұстамауға тырысыңыз.



Маңызды:

- ❑ Электронды құрамдас бөліктеріне су тигізіп алмауға тырысыңыз.
- ❑ Өнімнің ішкі жағына майлағыш майларды бүрікпеңіз.
- ❑ Сәйкес келмейтін майлар механизмді зақымдауы мүмкін. Майлағыш май қажет болса, дилерге немесе білікті қызмет көрсету маманынан хабарласыңыз.

1

Басқару тақтасында ешбір ескертулер немесе қателер көрсетілмегенін тексеріңіз.

2

A3 өлшемді қарапайым қағаздың (WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы) немесе A4 өлшемді қарапайым қағаздың (WF-3620 сериясы/WF-3640 сериясы) бірнеше парақтарын 1-қағаз құндағына жүктеңіз.

➔ ["Қағаз құндағына қағаз жүктеу" бетте 36](#)

3

Home мәзірінен **Setup** режиміне кіріңіз.

4

Maintenance, Paper Guide Cleaning тармағын таңдаңыз да, басқару тақтасындағы нұсқауларды орындаңыз.

2-қағаз құндақты өнімге арналған ескертпе:

Егер дақ тазаланбаса, қағазды 2-қағаз құндағына жүктеңіз, содан соң 3-4 қадамды байқап көріңіз.

Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру

Пайдаланылған сияға арналған қорап күйін тексеру

Пайдаланылған сияға арналған қораптың күйі сия картриджі күйімен бірдей экранда көрсетіледі. Күйді принтер бағдарламалық жасақтамасынан немесе басқару тақтасынан тексеруге болады.

➔ [“Сия картриджі күйін тексеру” бетте 136](#)

Техникалық қызмет көрсету ұяшығына байланысты алдын ала сақтандыру шарттары

Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстырмас бұрын осы бөлімдегі нұсқаулардың барлығын оқыңыз.

- ❑ Epson компаниясы түпнұсқалық Epson пайдаланылған сияға арналған қорабын пайдалануды ұсынады. Түпнұсқалық емес пайдаланылған сияға арналған қорапты пайдалану Epson кепілдіктерімен қамтылмаған зиянды тудырып, белгілі бір жағдайларды принтердің дұрыс емес жұмысын тудыруы мүмкін. Epson компаниясы түпнұсқалық емес пайдаланылған сияға арналған қораптың сапасына немесе сенімділігіне кепілдік бере алмайды.
- ❑ Пайдаланылған сияға арналған қорапты бөлшектемеңіз.
- ❑ Пайдаланылған сияға арналған қораптың бүйіріндегі жасыл чипке тимеңіз.
- ❑ Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және сияны ішпеңіз.
- ❑ Пайдаланылған сияға арналған қорапты жабдықталған пластик сөмкесіне салынбайынша еңкейтпеңіз.
- ❑ Шығарылған және ұзақ уақытқа ажыратып алынған пайдаланылған сияға арналған қорапты қайта пайдаланбаңыз.
- ❑ Пайдаланылған сияға арналған қорапты тік күн сәулелерінен алшақ ұстаңыз.
- ❑ Кейбір басып шығару циклдарында пайдаланылған сияға арналған қорапта артық сияның өте шағын мөлшері жиналуы мүмкін. Пайдаланылған сияға арналған қораптан сияның ағуын болдырмау үшін өнім пайдаланылған сия қорабының сіңіру сыйымдылығы шегіне жеткенде басып шығару тоқтатылатындай жасалған. Ауыстыру және қаншалықты жиі ауыстыру қажеттілігі басып шығарған беттер санына, басып шығаратын материал түріне және өнімнің өзі орындайтын тазалау циклдарының санына қарай өзгеріп тұрады. Сұралғанда пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстырыңыз. Epson Status Monitor, СКД немесе басқару тақтасындағы шамдар осы бөлікті ауыстыру керек болған кезде хабарлайды. Толтырманы ауыстыру қажеттілігі өнімнің өзінің техникалық сипаттамаларына сай жұмыс жасауын тоқтатқанын білдірмейді. Epson кепілдігі осы ауыстыру шығынын қамтымайды. Бұл пайдаланушы қызмет көрсете алатын бөлшек.

Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру

Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.


1 Өнімнің сияны төкпейтініне көз жеткізіңіз.

2 Алмастыруға арналған пайдаланылған сияға арналған қорапты орамасынан шығарыңыз.


Ескертпе:

Қорап бүйіріндегі жасыл чипті тұртпеңіз. Олай ету қалыпты жұмысқа кедергі келтіруі мүмкін.


3 WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы: 1-артқы қақпағын ашыңыз.



WF-3620 сериясы/WF-3640 сериясы: Артқы қақпағын тартыңыз.



4 Қолды пайдаланылған сия қорабының тұтқасына қойыңыз да, қорапты сыртқа тартыңыз.




Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

Ескертпе:

Сия қолдарыңызға тисе, оларды сабынмен және сумен мұқият жуыңыз. Сия көздеріңізге тиіп кетсе, оларды бірден сумен шайыңыз.

5

Пайдаланылған сияға арналған қолданылған қорапты ауыстыру қорабымен қамтамасыз етілген пластик сөмкеге салып, оны дұрыстап лақтырыңыз.



Ескертпе:


Пайдаланылған сияға арналған қорапты пластик сөмкесіне салынбайынша еңкейтпеңіз.

6


Пайдаланылған сия қорабын барғанынша салыңыз.

7

WF-7610 сериясы/WF-7620 сериясы: 1-артқы қақпағын жабыңыз.



WF-3620 сериясы/WF-3640 сериясы: Артқы қақпағын қайта тіркеңіз.



Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру аяқталды.

Өнімді тасымалдау

Өнімді белгілі бір қашықтыққа қозғасаңыз, оны тасымалдау үшін бастапқы қорабына немесе дәл сондай өлшемі бар басқа біреуіне салып, дайындау қажет.

Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау


! **Маңызды:**

- ❑ *Өнімді сақтаған немесе тасымалдаған кезде, оны қисайтпаңыз, тігінен қоймаңыз немесе төңкермеңіз; әйтпесе сиясы ағып кетуі мүмкін.*
- ❑ *Сия картридждерін орнатылған күйде қалдырыңыз. Картридждер шығарылып тасталған кезде басып шығару механизмі кеуіп, құрылғының басып шығаруына кедергі болуы мүмкін.*


1 Өнімнің өшірулі екеніне көз жеткізіңіз.

2 Сканер бөлігін ашыңыз.

3 Басып шығару механизмінің оң жақтағы басты позициясында екеніне көз жеткізіңіз.



4 Сия картриджінің ұстағышын көрсетілгендей таспасы бар қорапқа бекітіңіз.



5 Сканер бөлігін ақырын жабыңыз.

6 Қуат кодын розеткадан суырыңыз және өнімнен барлық басқа кабельдерді ажыратыңыз.

7 Артқы қағаз беру ұясынан барлық қағазды алып тастаңыз.

8 Артқы қағаз беру ұясын және шығыс науаны жабыңыз.

9 Қағаз құндағынан барлық қағаздарды шығарып, құндақты өнімге қайта салыңыз.

Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- 10** Бірге келген қорғағыш материалдарды пайдаланып, өнімді өз қорабына қайта жинаңыз.

Ескертпе:

Тасымалдау кезінде өнімді түзу ұстаңыз.

Бағдарламаны тексеру және орнату

Компьютерде орнатылған бағдарламаны тексеру

Осы Пайдаланушы нұсқаулығы сипатталған функцияларды пайдалану үшін келесі бағдарламаны орнату қажет.

- Epson Driver and Utilities (Epson драйвері мен утилиталары)
- Epson Easy Photo Print
- Epson Event Manager
- Epson FAX Utility

Бағдарламаның компьютерде орнатылғанын тексеру үшін төмендегі әрекеттерді орындаңыз.

Windows жүйесі үшін

- 1** **Windows 8 және Server 2012: Desktop (Жұмыс үстелі), Settings (Параметрлер) charm** (шебер түйме) және **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.

Windows 7, Vista және Server 2008: Start (Бастау) түймешігін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.

Windows XP және Server 2003: Start (Бастау) түймешігін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.

- 2** **Windows 8, Windows 7, Vista, Server 2012 және Server 2008:** Programs (Бағдарламалар) санатынан **Uninstall a program (Бағдарламаны жою)** пәрменін таңдаңыз.

Windows XP: Add or Remove Programs (Бағдарламаларды қосу және жою) белгішесін екі рет басыңыз.

Windows Server 2003: Add or Remove Programs (Бағдарламаларды қосу және жою) белгішесін нұқыңыз.

- 3** Ағымдағы орнатылған бағдарламалардың тізімін қараңыз.

Mac OS X жүйесі үшін

- 1** **Macintosh HD** белгісін екі рет нұқыңыз.

Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

- 2 Applications (Қолданбалар) қалтасындағы **Epson Software** қалтасын екі рет басыңыз және ішіндегілерді тексеріңіз.

Ескертпе:

- ❑ *Applications (Қолданбалар) қалтасы үшінші тараптар ұсынған бағдарламаны қамтиды.*
- ❑ *Принтер драйверінің орнатылғанын тексеру үшін Apple мәзірінде **System Preferences (Жүйе параметрлері)** тармағын басыңыз, содан кейін **Print & Scan (Басып шығару және сканерлеу)** (Mac OS X 10.8 немесе 10.7 үшін) немесе **Print & Fax (Басып шығару және факс)** (Mac OS X 10.6 немесе 10.5.8 үшін) тармағын басыңыз. Содан соң өнімді Printers (Принтер) тізімінің терезесінен тауып алыңыз.*

Бағдарламаны орнату

Соңғы бағдарламалық жасақтаманы келесі Epson веб-сайтынан жүктеуге болады.

<http://support.epson.net/>

<http://www.epson.eu/Support> (Еуропа)

Бағдарламаны жою

Кейбір ақауларды шешу үшін немесе операциялық жүйені жаңартып жатсаңыз, бағдарламаны жойып, қайта орнату қажет болуы мүмкін.

Қандай қолданбалардың орнатылғанын анықтау үшін келесі бөлімді қараңыз.

➔ ["Компьютерде орнатылған бағдарламаны тексеру" бетте 163](#)

Windows жүйесі үшін

Ескертпе:

- ❑ *Windows 8, 7, Vista, Server 2012 және Server 2008 үшін стандартты пайдаланушы ретінде кірсеңіз, әкімші тіркелгісі және құпия сөз қажет.*
- ❑ *Windows XP және Server 2003 жүйесі үшін Computer Administrator (Компьютер әкімшісі) тіркелгісіне кіруіңіз керек.*

- 1 Өнімді өшіріңіз.
- 2 Өнімнің интерфейс кабелін компьютерден ажыратыңыз.
- 3 Келесінің біреуін орындаңыз.

Windows 8 және server 2012: Desktop (Жұмыс үстелі), Settings (Параметрлер) charm (шебер түйме) және **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.

Windows 7, Vista, және Server 2008: Start (Бастау) түймешігін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.

Өнімді және бағдарламаны күтіп ұстау

Windows XP және Server 2003: Start (Бастау) түймешігін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.

4 Келесінің біреуін орындаңыз.

Windows 8, Windows 7, Vista, Server 2012 және Server 2008: Programs (Бағдарламалар) санатынан **Uninstall a program (Бағдарламаны жою)** пәрменін таңдаңыз.

Windows XP: Add or Remove Programs (Бағдарламаларды қосу және жою) белгішесін екі рет басыңыз.

Windows Server 2003: Add or Remove Programs (Бағдарламаларды қосу және жою) белгішесін нұқыңыз.

5 Өнім драйвері және көрсетілген тізімнің қолданбасы сияқты жою қажет бағдарламаны таңдаңыз.

6 Келесінің біреуін орындаңыз.

Windows 8, Windows 7, Server 2012 және Server 2008: Uninstall/Change (Жою/ өзгерту) немесе **Uninstall (Жою)** пәрменін таңдаңыз.

Windows Vista: Uninstall/Change (Жою/Өзгерту) немесе **Uninstall (Жою)** түймешігін басып, User Account Control (Пайдаланушылар тіркелгілерін басқару) терезесінен **Continue (Жалғастыру)** пәрменін таңдаңыз.

Windows XP және Server 2003: Change/Remove (Өзгерту/жою) немесе **Remove (Жою)** түймешігін басыңыз.

Ескертпе:

Өнімнің принтер драйверін 5-қадамнан жоюды таңдасаңыз, өнімнің белгішесін таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.

7 Растау терезесі пайда болғанда **Yes (Иә)** немесе **Next (Келесі)** түймешігін басыңыз.

8 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Кейбір жағдайларда компьютерді қайта қосуды сұрайтын хабар пайда болуы мүмкін. Солай болса, **I want to restart my computer now (Мен компьютерімді дәл қазір сөндіріп, қайта қосқым келеді)** параметрінің таңдалғанын тексеріп **Finish (Дайын)** түймешігін басыңыз.

Mac OS X жүйесі үшін

Ескертпе:

- ❑ Бағдарламаны жою үшін *Uninstaller* бағдарламасын жүктеу керек.
Мына сатқа кіріңіз:
<http://www.epson.com>
Сосын жергілікті *Epson* веб сайтының қолдау көрсету бөлімін таңдаңыз.
- ❑ Қолданбаларды жою үшін *Computer Administrator* (Компьютер әкімшісі) тіркелгісіне кіру қажет. Шектеулі тіркелгі қолданушысы ретінде кірсеңіз, бағдарламаларды алып тастай алмайсыз.
- ❑ Қолданба түріне қарай, *Installer* бағдарламасы *Uninstaller* бағдарламасынан бөлек болуы мүмкін.

- 1 Барлық қосулы қолданбаларды жабыңыз.
- 2 Mac OS X қатты дискісінде **Uninstaller** белгішесін екі рет басыңыз.
- 3 Көрсетілген тізімде жою керек бағдарламалардың, мысалы, принтер драйверінің және қолданбаның, құсбелгілерін қойыңыз.
- 4 **Uninstall** түймесін басыңыз.
- 5 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Алып тастағыңыз келетін бағдарламаны *Uninstaller* терезесінен таба алмасаңыз, Mac OS X қатты дискіндегі **Applications (Бағдарламалар)** қалтасын екі рет нұқып, алып тастағыңыз келетін қолданбаны таңдаңыз, сосын оны **Trash (Қоқыс)** белгішесіне сүйреңіз.

Ескертпе:

Принтер драйверін жойсаңыз және өнім атауы *Print & Scan* (Басып шығару және сканерлеу) (Mac OS X 10.8 немесе 10.7 үшін) немесе *Print & Fax* (Басып шығару және факс) (Mac OS X 10.6 немесе 10.5.8 үшін) терезесінде қалса, өнім атауын таңдаңыз және — **remove (жою)** түймешігін басыңыз.

Сыртқы жад құрылғысын пайдаланып деректерді тасымалдау

Файлдарды өнімге қосылған компьютерге көшіру үшін өнімнің жад картасының ұяларын не сыртқы USB портын пайдалануға болады. Сондай-ақ, оны компьютердегі файлдарды жад құрылғысына көшіру үшін де қолдануға болады.

Жад құрылғыларына қатысты сақтық шаралары

Жад құрылғысы мен компьютер арасында файлдарды көшірген кезде келесілерді есте сақтаңыз:

- Жад құрылғысымен бірге берілген құжаттаманы және қолдануыңыз мүмкін кез келген адаптерде қандай да пайдалану нұсқаулары бар-жоғын тексеріңіз.
- Жад құрылғысынан басып шығарған кезде, файлдарды жад құрылғысына көшірмеңіз.
- Файлдарды көшіргеннен кейін немесе файлдарды жойғаннан кейін өнім жад құрылғысы туралы ақпаратты жаңартпайды. Көрсетілген ақпаратты жаңарту үшін жад құрылғысын шығарып, қайта салыңыз.
- Жад картасының шамы жанып тұрғанда жад картасын шығармаңыз не принтерді өшірмеңіз, деректеріңізді жоғалтуыңыз мүмкін.

Жад құрылғысы мен компьютер арасында файлдарды көшіру

Ескертпе:

Егер System Administration тармағындағы Memory Device параметрі Disable күйіне орнатылған болса, өнім салынған болса жад құрылғысын танымайды.

Файлдарды компьютерге көшіру

- 1** Өнім іске қосылғанын және жад құрылғысының салынғанын немесе жалғанғанын тексеріңіз.
- 2** **Windows 8 және Server 2012:**
Start (Бастау) экранында тінтуірдің оң жақ түймешігін басыңыз немесе **Start (Бастау)** экранының төменгі немесе жоғарғы жиегінен жанап өтіп, **All apps (Барлық қолданбалар)**, содан кейін **Computer (Компьютер)** тармағын таңдаңыз.
Windows 7, Vista және Server 2008:
Бастау түймесін басып, **Computer (Компьютер)** опциясын таңдаңыз.

Сыртқы жад құрылғысын пайдаланып деректерді тасымалдау

Windows XP және Server 2003:

Start (Бастау) түймесін басып, **My Computer (Менің компьютерім)** опциясын таңдаңыз.

Mac OS X:

Алынбалы диск белгішесі () desktop (жұмыс үстелінде) автоматты түрде пайда болады.

3

Алынатын диск белгішесін екі рет басып, файлдар сақталатын қалтаны таңдаңыз.

Ескертпе:

Белім белгісі орнатылса, ол диск атауы ретінде көрінеді. Диск белгісін орнатпаған болсаңыз, "алынбалы диск" Windows XP және Server 2003 жүйелерінде диск атауы ретінде көрсетіледі.

4

Көшірілетін файлдарды таңдап, компьютердің қатты дискісіндегі бір қалтаға апарыңыз.



Маңызды:

Mac OS X пайдаланушылары үшін

Жад құрылғысын алған кезде, жад құрылғысын алмас бұрын әрқашан жұмыс үстеліндегі алынбалы диск белгішесін себетке сүйреп апарыңыз, әйтпесе құрылғыдағы деректердің жоғалуы мүмкін.

Жад құрылғысына файлдарды сақтау

Жад құрылғысын салмай тұрып жазудан қорғау қосқышының жад картасына жазуға рұқсат ету күйіне орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе:

- Файлды жад құрылғысына Macintosh компьютерінен көшіргеннен кейін ескілеу сандық камера жад құрылғысын оқи алмауы мүмкін.*
- Егер USB File Sharing мәзірінен таңдалған болса, желі арқылы қосылған компьютерден жад құрылғысына жазу мүмкін емес. Желілік компьютерге жаду қатынасын беру үшін параметрді Wi-Fi/Network деп өзгертіңіз.*

1

Өнім қосылғанын және жад құрылғысының салынғанын немесе жалғанғанын тексеріңіз.

2

Windows 8 және Server 2012:

Start (Бастау) экранында тінтуірдің оң жақ түймешігін басыңыз немесе **Start (Бастау)** экранының төменгі немесе жоғарғы жиегінен жанап өтіп, **All apps (Барлық қолданбалар)**, содан кейін **Computer (Компьютер)** тармағын таңдаңыз.

Windows 7, Vista және Server 2008:

Бастау түймесін басып, **Computer (Компьютер)** опциясын таңдаңыз.

Windows XP және Server 2003:

Start (Бастау) түймесін басып, **My Computer (Менің компьютерім)** опциясын таңдаңыз.

Mac OS X:

Алынбалы диск белгішесі () desktop (жұмыс үстелінде) автоматты түрде пайда болады.

Сыртқы жад құрылғысын пайдаланып деректерді тасымалдау

3

Алынатын диск белгішесін екі рет басып, файлдар сақталатын қалтаны таңдаңыз.

Ескертпе:

Бөлім белгісі орнатылса, ол диск атауы ретінде көрінеді. Диск белгісін орнатпаған болсаңыз, "алынбалы диск" Windows XP және Server 2003 жүйелерінде диск атауы ретінде көрсетіледі.

4

Көшірілетін файлдарды қамтитын компьютер қатты дискісінен қалтаны таңдаңыз. Одан кейін файлдарды таңдап, оларды жад құрылғысындағы қалтаға сүйреп апарыңыз.



Маңызды:

Mac OS X пайдаланушылары үшін

Жад құрылғысын алған кезде, жад құрылғысын алмас бұрын әрқашан жұмыс үстеліндегі алынбалы диск белгішесін себетке сүйреп апарыңыз, әйтпесе ондағы деректер жоғалуы мүмкін.

Қате көрсеткіштері

Басқару тақтасындағы қате туралы хабарлар

Бұл бөлім СҚД экранында көрсетілген хабарлардың мағынасын түсіндіреді. Сондай-ақ, Status Menu ішінде қателерді **i** түймешігін басу арқылы тексеруге болады.

➔ ["Status Menu" бетте 27](#)

Хабарлар	Шешімдер
Қағаз кептелісі.	➔ "Қағаз кептелістері" бетте 179
Printer error. Turn the power off and on again. For details, see your documentation.	Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. Өнімде ешқандай қағаз қалмағанын тексеріңіз. Әлі де қате болса, Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.
Maintenance box is at the end of its service life. You need to replace it.	Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстырыңыз. ➔ "Пайдаланылған сияға арналған қорапты ауыстыру" бетте 159
A printer's ink pad is nearing the end of its service life. Please contact Epson Support.	Басып шығаруды жалғастыру үшін ◇ түймешігін басыңыз. Сия қорапшасы* ауыстырылғанша хабар көрсетіліп тұрады. Таусылмастан бұрын сия қорапшасын ауыстыру үшін Epson немесе рұқсат етілген Epson қызмет провайдеріне хабарласыңыз. Бұл пайдаланушы қызмет көрсете алатын бөлшек емес.
Maintenance box is at the end of its service life. You need to replace it.	Сия қорапшасын ауыстыру үшін Epson немесе рұқсат етілген Epson қызмет провайдерімен хабарласыңыз*. Бұл пайдаланушы қызмет көрсете алатын бөлшек емес.
The phone line is connected to a different jack.	➔ "Телефон желісіне қосылу" бетте 86
Connect the phone line to the "LINE" jack.	
The phone line is not connected.	
No dial tone detected.	➔ ""No dial tone detected." қатесі орын алады" бетте 212
Failed to receive faxes because the fax data capacity is full. Press [i] for details.	Келесі себептерге байланысты алынған факстар өңдеусіз жиналуы мүмкін. <ul style="list-style-type: none"> ❑ Басып шығару мүмкін емес, өйткені принтер қатесі орын алды. Принтер қатесін тазалаңыз. Мәліметтерді және қате шешімдерін қарау үшін i түймесін басыңыз да, Printer Information тармағын таңдаңыз. ❑ Компьютерде немесе жад құрылғысында сақтау мүмкін емес. Алынған факстар сақталған-сақталмағанын тексеру үшін i түймесін басыңыз да, Job Monitor > Communication Job тармағын таңдаңыз. Алынған факстарды сақтау үшін компьютерді қосыңыз немесе жад құрылғысын принтерге қосыңыз.
Combination of the IP address and the subnet mask is invalid. See your documentation.	Желідегі Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқау қараңыз.

Қате көрсеткіштері

Хабарлар	Шешімдер
Байланыс қатесі Аутентификация қатесі DNS қатесі	Келесі бөлімдегі шешімді қараңыз. ➔ "Status Menu ішіндегі қате коды" бетте 171
Recovery Mode	Микробағдарламаны жаңарту орындалмады. Микробағдарламаны жаңартуды әрекетін қайталау қажет болуы мүмкін. USB кабелін дайындаңыз және қосымша нұсқаулар алу үшін жергілікті Epson веб-сайтына кіріңіз. ➔ "Анықтама алу көздері" бетте 227

* Кейбір басып шығару циклдарында сия қорапшасында артық сияның өте шағын мөлшері жиналуы мүмкін. Сияның қораптан ағуының алдын алу үшін өнім қорап шегіне жеткенде басып шығаруды тоқтату үшін жасалады. Мұның қаншалықты жиі қажет етілетіндігі жиексіз басып шығару опциясы арқылы басып шығаратын беттер санына байланысты өзгешеленуі мүмкін. Толтырманы ауыстыру қажеттілігі өнімнің өзінің техникалық сипаттамаларына сай жұмыс жасауын тоқтатқанын білдірмейді. Қорапты ауыстыру талап етілген сәтте өнім кеңес береді және мұны тек рұқсат етілген Epson қызмет провайдері ғана орындай алады. Epson кепілдігі осы ауыстыру шығынын қамтымайды.

Status Menu ішіндегі қате коды

Егер тапсырма сәтті аяқталмаса, әр тапсырманың журналында көрсетілген қате кодын тексеріңіз. Қате кодын **i** түймешігін басып, содан кейін **Job History** тармағын таңдау арқылы тексеруге болады. Мәселені және оның шешімін табу үшін келесі кестені қараңыз.

Код	Мәселе	Шешім
001	Өнім қуат үзілгенде өшкен.	-
109	Қабылданған факс жойылып қойылған.	-
